

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 548-IV Заңы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.**

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53 - құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 19 қарашада «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 3 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда»

газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) бүкіл мәтін бойынша «жануарлар немесе өсімдіктер», «жануарлар мен өсімдіктер» деген сөздер «өсімдіктер немесе жануарлар» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мазмұнында 290-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
«290-бап. Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен және (немесе) олардың бөліктерімен және дериваттарымен, сондай-ақ алып қойылуына тыйым салынған өсімдіктермен және жануарлармен және (немесе) олардың бөліктерімен және дериваттарымен заңсыз іс-әрекеттер»;

3) 183-баптың екінші бөлігінің г) тармағы алып тасталсын;

4 ) 2 8 8 - б а п т а :  
б і р і н ш і б ө л і к т е :

б) тармағындағы «кұстар мен аңдарды» деген сөздер «жануарларды» деген сөзбен ауыстырылсын ;

в ) тармағы алып тасталсын ;  
«не онсыз» деген сөздер алып тасталсын ;  
екінші бөліктегі «немесе онсыз» деген сөздер алып тасталсын ;

5) 290-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«290-бап. Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен және (немесе) олардың бөліктерімен және дериваттарымен, сондай-ақ алып қойылуына тыйым салынған өсімдіктермен және жануарлармен және (немесе) олардың бөліктерімен және дериваттарымен заңсыз іс-әрекеттер

Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттарын, сондай-ақ пайдаланылуына тыйым салынған өсімдіктер мен жануарларды және (немесе) олардың бөліктері мен дериваттарын заңсыз алу, сатып алу, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, салып жіберу, тасымалдау, сол сияқты жою немесе олар мекендейтін жерлерді жою, - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сотталған адамның мүлкі, сондай-ақ қылмыстық әрекеттер объектісі, қылмыс жасау қаруы немесе құралы, айналымнан алынған зат болып табылатын мүлік тәркіленіп, дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

6 ) 2 9 1 - б а п т а :  
б і р і н ш і б ө л і к т е :

«Барлық топтағы ормандарда» деген сөздер «Орман қорында» деген сөздермен ауыстырылсын ;

«немесе онсыз» деген сөздер алып тасталсын ;

екінші бөлікте орыс тіліндегі мәтінге қатысты түзету енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар, № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 15 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 16 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2011

жылғы 19 қарашада «Қазақстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Қазақстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мазмұнында 296-баптың тақырыбындағы «жануарлар мен өсімдіктерді» деген сөздер «өсімдіктер мен жануарларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 283-баптың бірінші және үшінші бөліктеріндегі «немесе онсыз» деген сөздер алып тасталсын;

3) 296-баптағы «жануарлар мен өсімдіктерді» деген сөздер «өсімдіктер мен жануарларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 298-баптың екінші және үшінші бөліктерінің екінші абзацындағы «немесе онсыз» деген сөздер алып тасталсын;

5) 298-1-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацындағы «Балықты бас саға құрылыстарына түсіп кетуден қорғау үшін арнайы қондырғылар салмай» деген сөздер «Балық қорғау құрылғысын орнатпай» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат, № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат):

1) мазмұнында 129-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «129-бап. Мемлекеттік орман қоры жерін ауыл шаруашылығы мақсаттары және құрылыс объектілері үшін жер пайдалануға беру»;

2) 12-баптың 38) тармақшасындағы «шаруашылығы» деген сөз «және балық шаруашылықтары» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 13-баптың 6) тармақшасы «тізбесін» деген сөзден кейін «, сондай-ақ орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстыру қағидаларын» деген сөздермен толықтырылсын ;

4) 26-баптың 1-тармағы «сауықтыру» деген сөзден кейін «, рекреациялық» деген сөзбен толықтырылсын;

5) 41-баптың 4-тармағындағы «шөп шабу және мал жаю» деген сөздер «шөп шабу, мал жаю, сондай-ақ омарталар орналастыру» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 43-баптың 7-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
«Жер учаскелерін беру жоғары тұрған атқарушы органның құзыретіне кіретін жағдайларда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі жерге орналастыру ісін шешім жобасымен бірге жоғары тұрған органға шешім қабылдау үшін енгізеді.»;

7) 48-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«14-1) жекеше орман өсіру үшін;»;

8) 49-1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:  
«Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шегіндегі жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуді ауданның (оның әкімшілік бағынысына берілген аумақтарға ие облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің ұсынысы бойынша жүзеге асырады.»;

9) 90-бап «жол,» деген сөзден кейін «жаңартылатын энергия көздерін – күн мен жел энергиясын пайдалану жөніндегі объектілерді,» деген сөздермен толықтырылсын;

10) 107-баптың 3-тармағында:  
мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:  
«5-1) орман қорының жері;»;

8) тармақшадағы «қаладағы ормандар» деген сөздер «орман парктері» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 122-баптың 3-тармағында орыс тіліндегі мәтінге қатысты түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

12) 123-баптың 1-тармағы «ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың айналасына,» деген сөздерден кейін «оның ішінде олардың шекарасында орналасқан меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жерлеріне,» деген сөздермен толықтырылсын;

13) 126-бапта орыс тіліндегі мәтінге қатысты түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді;

14) 128-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жекеше орман қорының жерлеріне осы Кодекске сәйкес жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілген:

1) қолдан өсірілген екпелер;

2) табиғи, тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен өскен екпелер;

- 3) жекеше орман питомниктері;
- 4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;
- 5) агроорман-мелиорациялық екпелер;

б) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарын бөлу жолақтарындағы қорғаныштық екпелер отырғызылған жерлер жатады.»;

1 5 ) 1 2 9 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
«129-бап. Ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін және құрылыс объектілерін салу үшін жер пайдалануға мемлекеттік орман қорының жерлерін беру»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығы мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілері үшін учаскелер беру Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

16) 134-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қоры жерлерінде су қорғау аймақтары мен су объектілерінің жағалаулары бойынша белдеулер үшін жер учаскелері берілмейді.»;

17) 135-бап «пайдалануға» деген сөзден кейін «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қорының жері құрамына кіретін су объектілерін қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

1 8 ) 1 3 6 - 1 - б а п т а :

1-тармақтағы «Су қорының» деген сөздер «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қоры жерінің құрамына кіретін су объектілерін қоспағанда, су қорының» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі «Су қорының» деген сөздер «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік орман қоры жерінің құрамына кіретін су объектілерін қоспағанда, су қорының» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 138-бап «ауыл шаруашылығының,» деген сөздерден кейін «жекеше орман өсірудің,» деген сөздермен толықтырылсын;

2 0 ) 1 5 5 - б а п т а :

2-тармақтағы «Орналасқан» деген сөз «Осы баптың 3-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, орналасқан» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Шоқ ормандар алып жатқан есептік орам шекаралары шегіндегі жер учаскелеріне есептік орамға кадастрлық нөмір беріле отырып, бір сәйкестендіру құжаты дайындалады және беріледі.».

4. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат, № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша:

«(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)» деген сөздер «, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мемлекет қажеттіктері үшін», «мемлекет қажетіне», «мемлекет қажеті үшін» деген сөздер «мемлекет мұқтажы үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мәдени-сауықтыру, рекреациялық» деген сөздер «сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісіне», «Қазақстан Республикасының жер туралы заң актісінде», «Қазақстан Республикасының жер туралы заңнамалық актісіне» деген сөздер тиісінше «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне», «Қазақстан Республикасының Жер кодексінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«облыстық атқарушы орган», «облыстық өкілді органдардың», «облыстық атқарушы органдар», «облыстық атқарушы органның», «Облыстық атқарушы органның», «облыстың жергілікті атқарушы органының ұсынуы бойынша облыстық өкілді органның» және «облыстық атқарушы органның ұсынуы бойынша облыстық өкілді орган» деген сөздер тиісінше «облыстың жергілікті атқарушы органы», «облыстың жергілікті атқарушы органымен», «облыстың жергілікті өкілді органының», «облыстың жергілікті атқарушы органдары», «облыстың жергілікті атқарушы органының», «Облыстың жергілікті атқарушы органының», «облыстың жергілікті атқарушы органының ұсынуы бойынша облыстың жергілікті өкілді органының» және «облыстың жергілікті атқарушы органының ұсынуы бойынша облыстың жергілікті өкілді органы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен», «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен» деген сөздер «бюджет қаражаты есебінен», «Бюджет қаражаты есебінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жануарлар дүниесін қорғау, молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» деген сөздер «жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мазмұнында:

2-бөлімнің тақырыбындағы «және бақылау» деген сөздер «, бақылау және қадағалау» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«11-1-бап. Орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету жүйесі»;

13 және 18-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«13-бап. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің құзыреті»;

«18-бап. Орман мекемесінің негізгі қызметі»;

мынадай мазмұндағы 18-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«18-1-бап. Орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету саласындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің түрлері»;

4-тараудың тақырыбы «бақылау» деген сөзден кейін «және қадағалау» деген сөздермен толықтырылсын;

19, 20 және 21-баптардың тақырыптары мынадай редакцияда жазылсын:

«19-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

20-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы

21-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды тұлғаларының құқықтары мен міндеттері»;

82-баптың тақырыбындағы «Қала ормандары мен орманды саябақтарда» деген сөздер «Қала ормандарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 102-1 және 102-2-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«102-1-бап. Ағаш және бұта тұқымдастарының отырғызу материалдарын және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану

102-2-бап. Орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қорының жерлерінде объектілер салу»;

мынадай мазмұндағы 18-1-тараудың тақырыбымен толықтырылсын:

«18-1-тарау. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау»;

мынадай мазмұндағы 112-1, 112-2 және 112-3-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«112-1-бап. Жекеше орман өсірудің мемлекеттік қолдауға жататын бағыттары

112-2-бап. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау субъектілері

112-3-бап. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау және оны жүзеге асыру мерзімдері»;

3) 3-баптың б) тармақшасындағы «мен бақылау» деген сөздер «, бақылау және қадағалау» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар



Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агроорман-мелиорациялық екпе – ауыл шаруашылығы үшін қолайсыз табиғи факторлардың әсерін азайтуға мүмкіндік беретін қорғаныштық орман екпесі;

2) ағаш және бұта тұқымдыларының селекциясы (орман селекциясы) – шаруашылық және өзге де құндылығы бар орман тұқымдыларының түрлері мен сорттарын табиғи популяция арқылы іріктеу немесе қолдан өсіру жөніндегі іс-шаралар к е ш е н і ;

3) ағашы кесілген жер – екпе ағашы кесіп алынған, ал орманның жаңа түптері әлі көтеріле қоймаған орман алаңы ;

4) ағаштың заңсыз кесілуі – Қазақстан Республикасының орман қорында ағаштар мен бұталарды, оның ішінде табиғи, антропогендік және техногендік факторлардың салдарынан зақымданған және жойылған ағаштар мен бұталарды: ағаш кесу билетінсіз; ағаш кесу билеті бойынша мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларын бұзып, ағаш кесу билетінде белгіленген мерзімдерді сақтамай кесу; есепті кеспеағаш аймағынан асып түсетін мөлшерде кесу;

5) алаңқай жерлер – ағашы жоқ, бірақ орман өсімдіктерінің элементтері сақталған о р м а н а л а ң ы ;

6) аралық мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу – орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу, іріктеп санитариялық мақсатта ағаш кесу, құндылығы төмен орман екпелерін, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларынан айырылған екпелерді қайта жаңғыртуға байланысты кесу, жекелеген талшыбықтарды к е с у ;

7) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер – өнеркәсіптік, энергетикалық, тағамдық және өзге де мақсаттар үшін қолдан өсірілетін екпелер;

8) артықшылығы бар ағаш – дәл сондай орман өсіру жағдайларында өзімен қатар өсіп тұрған, өзімен бір жастағы және бірдей фенологиялық нысандағы айналасындағы ағаштардан бір немесе бірнеше шаруашылық жағынан құндылық белгілері мен қасиеттері бойынша айтарлықтай асып түсетін ағаш;

9) артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттары – артықшылығы бар ағаштардың гендік қорын сақтау және тұқым қуалау қасиеттерін зерттеу мақсатында олардың вегетативтік тұқымдарын пайдалану арқылы өсірілген екпелер;

10) артықшылығы бар екпе – орман өсірудің белгілі бір жағдайларында өнімділігі жоғары және тұрақты екпе ;

11) аса құнды орман алқаптары – тұқымдық құрамы бойынша сирек кездесетін және эндемиктік тұқымдар бар бірегей орман; өнімділігі мен гендік сапасы бойынша бірегей ормандар; күрделі табиғи жағдайларда маңызды қорғаныштық функциялар о р ы н д а й т ы н о р м а н д а р ;

12) аэрофототүсірілім – жер иеліктерінің шекарасын картаға түсіру, анықтау; қоршаған ортаны зерттеу мен оның мониторингі үшін аэрофотосуреттерді пайдалану

мақсатында аэрофотоаппараттың көмегімен әуе кемелерінен және басқа да ұшу аппараттарынан аумақты фотосуретке түсіру;

13) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу - сүрек дайындау үшін толысқан және қураған сүректіңдерді кесу;

14) биологиялық әралуандық - белгілі бір аумаққа тән өсімдіктер мен жануарлар организмдерінің жиынтығы;

15) биоценоз - белгілі бір, салыстырмалы түрде біртекті жер учаскесін немесе су айдыны учаскесін мекендейтін және өзара қарым-қатынастағы өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің жиынтығы;

16) гендік қор - дарактардың бір тобы гендерінің (популяциялардың, популяциялар тобының немесе түрлердің) олардың белгілі бір ұшырасу жиілігімен сипатталатын шектегі жиынтығы;

17) географиялық дақылдар - жаңа жағдайларда сынақтан өткізу мақсатымен бірнеше экотиптердің (климатиптердің) неғұрлым тән популяцияларының тұқымдық ұрығынан арнаулы әдістемелер бойынша өсірілетін тәжірибелік дақылдар;

18) дериват – туынды өсімдік және одан немесе оның туындысынан жасалған өнім;

19) зияндылықтың экономикалық шегі - орман ресурстарына келтірілген залал құны бойынша осы зиянкестермен күресуге жұмсалатын шығыннан артып кететін орман зиянкестерінің тығыздығы;

20) кемістігі бар екпе - орман өсірудің белгілі бір жағдайлары үшін шығымдылығы төмен және сапасы нашар екпе;

21) кеспеағаш аймағы - ағаш кесудің барлық түрлері үшін бөлінген немесе ағаштары кесілу сатысындағы орман учаскесі;

22) кеспеағаш аймағын бөлу - шекараны нақтылы және кеспеағаштарды таксациялай отырып айқындау, кесуге жатқызылған ағаштарға белгі соғу, кеспеағаш аймағында есепке алынған сүректерді заттай және ақшалай бағалау жөніндегі іс-шаралар;

23) кеспеағаш аймағынан тыс қоқыс - кеспеағаш аймағынан тыс жерде жатқан және өнеркәсіптік мақсаттарда дайындалмайтын ағаштың (діңдердің және бұтақтардың) табиғи құлап, үзіліп түсуі;

24) кесу жасы - сүректіңдердің толыса бастаған санатынан толысқан санатына өтуден басталатын және басты пайдалану мақсатында кесуге болатын жасы;

25) кесілмеген ағаш – кесуге арналған, бірақ ағаш кесу билетінде көзделген мерзімде кесілмеген орман ағаштары немесе учаскелері;

26) қала ормандары – қалалық елді мекеннің шекарасында өсетін және мемлекеттік орман қоры құрамына енетін, негізінен санитариялық-гигиеналық және рекреациялық функцияларды орындайтын табиғи және (немесе) қолдан өсірілген екпелер;

27) қалыпты екпе – орман өсірудің белгілі бір жағдайында өнімділігі жоғары және орташа, сапасы жақсы және орташа екпе;

28) қосалқы сүрек ресурстары (материалдары) (бұдан әрі - қосалқы сүрек ресурстары) – ағаштар мен бұталардың қабықтары, бұтақтары, томарлары, тамырлары, жапырақтары, бүршіктері;

29) мемлекеттік орман қоры алқабы – орман орналастыру кезінде орман қорын мемлекеттік есепке алу, арнайы картаға түсіру және орман шаруашылығы іс-шараларын жоспарлау мақсатында мемлекеттік орман қоры құрамында бөлінетін жер учаскелері;

30) мемлекеттік орман қорының санаты – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бөлінген мемлекеттік орман қорының ерекше қорғалатын, су сақтау, санитариялық-гигиеналық, рекреациялық, ғылыми немесе өзге де арнайы мақсаттағы, аумағында орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдаланудың ерекше режимі белгіленген бір бөлігі;

31) мемлекеттік орман орналастыру ұйымы – қызметі орман ресурстарын есепке алуды, орман қорын аумақтық орналастыруды, ормандардың мемлекеттік мониторингін, орман шаруашылығын жүргізуді жоспарлауды және орман пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның қарауында болатын республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

32) орман – ағаш пен бұта өсімдіктерінің және тірі табиғаттың басқа да компоненттерінің жиынтығы негізінде белгілі бір аумақта қалыптасатын, қоршаған ортамен өзара байланыстағы және маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәні бар табиғи кешен;

33) орман аурулары – қоршаған ортаның қолайсыз факторларынан немесе ауру өсімдіктерден сау өсімдіктерге берілетін организмдерден туындайтын және өсімдіктер құрылысының өзгеруіне немесе олардың құрып кетуіне әкеп соқтыратын патологиялық процестер;

34) орман дақылдары – орманның ағаш және бұта тұқымдыларынан қолдан өсірілген екпелер;

35) орман дақылдарының қоры – орман көмкермеген жерлер (ағашы кесілген орындар, өртеңдер, алаңқайлар, селдір ормандар) және ормандануы орманды қолдан өсіру арқылы ғана мүмкін болатын ормансыз жерлер;

36) орман зиянкестері – орман екпелерін зақымдайтын организмдер;

37) орман иеленуі – орман шаруашылығын жүргізу және орман пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмыс істеуі үшін мемлекеттік орман иеленушілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі беретін мемлекеттік орман қоры учаскелерін иелену және пайдалану құқығы, сондай-ақ жекеше орман иеленушілерге осы Кодексте белгіленген тәртіппен берілетін жекеше орман қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы;

38) орман иеленушілер – мемлекеттік орман қоры учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен берілген мемлекеттік ұйымдар, сондай-ақ осы Кодекске сәйкес

жекеше орман қоры учаскесі меншігінде болатын жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар ;

39) орман қарау аймағы – орманшылық аумағын күзету үшін бір орманшыға бекітіліп берілетін, осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен айқындалатын орманшылық аумағының бір бөлігі ;

40) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау – орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген талаптарға тексерілетін субъектілер қызметінің сәйкес келуі нысанасына оларды тексеру және бақылау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша жедел араласпай-ақ құқық шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін;

41) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік қадағалау – орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және бақылау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша құқық шектеу сипатындағы шаралар, оның ішінде жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін;

42) орман қорын пайдалану – жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген орман пайдалану, сондай-ақ орман қоры аумағындағы жерді, суды және кең таралған пайдалы қазбаларды шаруашылық және өзге де мақсаттарда пайдалану құқығы;

43) орман қорын түгендеу – орман қорының жекелеген учаскелерінің сандық және сапалық көрсеткіштерін сипаттау, картаға түсіру және анықтау жөніндегі жұмыстар кешені ;

44) орман орамы – орман шаруашылығын жүргізуді ұйымдастыру үшін қызмет ететін жергілікті жерде орман жолдарымен, табиғи шептермен (өзен жағалаулары, тау жоталары, жолдар және басқалар) шектелген орман қоры аумағының бір бөлігі;

45) орман өрт сөндіру станциясы – орман өрттерінің алдын алу және оларды уақтылы жою жөніндегі шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ететін өртке қарсы қызмет пен техниканы орналастыруға арналған мемлекеттік орман иеленушінің объектісі ;

46) орман өсіру – бұрын орман болмаған аумақтарда ағаш екпелерін қолдан отырғызу және өсіру ;

47) орман пайдалану – орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін пайдалану жөніндегі заңдық және экономикалық жағынан регламенттелген қызмет;

48) орман пайдаланушы – осы Кодексте белгіленген тәртіппен уақытша орман пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

49) орман питомнигі – орман қоры аумағының ағаш және бұта тұқымдас екпе

материалдарды өсіруге арналған учаскесі;

50) орман соқпағы – орман орамдарының шекараларын белгілеу немесе өзге мақсаттар үшін ағаш және бұта өсімдіктерінен тазартылып жасалған белдеу;

51) орман телімі – бастапқы орман шаруашылығы есептік бірлігі болып табылатын, орман орамы аумағының таксациялау сипаттамалары, топырақ-типологиялық жағдайлары және шаруашылық маңызы бойынша біртекті бөлігі;

52) орман тұқымы плантациясы – берілген тұқым қуалаушылық қасиеттері және себу сапасы жоғары сорттық, элиталық немесе будан тұқымдарын жүйелі түрде (ұзақ уақыт бойы) алуға арналған артықшылығы бар ағаштардың тұқымды, немесе вегетативтік ұрпағы болып табылатын өсімдіктердің арнаулы генетикалық схема бойынша отырғызылып, қолдан өсірілген екпесі;

53) орман тұқым шаруашылығы – тұқым қуалаушылық қасиеттері құнды және себу сапасы жоғары тұқым алуға бағытталған орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау және пайдалану, олардың сапасы мен шығу тегіне бақылау жасау жөніндегі іс-шаралар к е ш е н і ;

54) орман шаруашылығы – орман қорын күзету және қорғау, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман пайдалануды реттеу және оның жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі іс-шараларды қамтитын орман қорын зерттеу және оның есебін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын экономика саласы;

55) орман шаруашылығын жобалау – орман өсімдіктері, агроорман-мелиорациялық, өртке қарсы іс-шараларды, орман және аңшылық шаруашылығы объектілерін салуды жобалау жөніндегі жұмыстардың кешені;

56) орман шаруашылығы жолдары – орман шаруашылығы, өртке қарсы мақсаты бар, орман шаруашылығын жүргізу және орман пайдалануды жүзеге асыру үшін орманды аумақтардың қол жетімділігін қамтамасыз ететін орман шаруашылығы о б ь е к т і л е р і ;

57) орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – орман мекемесі) – мемлекеттік орман қорын күзету және қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, орман пайдалануды реттеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған мекеме;

58) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында басқару, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын м е м л е к е т т і к о р г а н ;

59) орман шаруашылығы іс-шаралары – орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, орман пайдалануды реттеу жөнінде орман орналастыру материалдары негізінде жүргізілетін ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар к е ш е н і ;

60) орман шеберінің учаскесі – орманшылық аумағының құрамында екі және одан

да көп орман қарау аймағы бар бір орман шеберіне бекітілген және орман шаруашылығы іс-шараларын орындауға арналған бір бөлігі;

61) ормандағы өрт қаупі бар маусым – климат және ауа райы факторларын негізге алып, орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган, облыстық атқарушы орган айқындайтын, орман өрті шығу қаупі болуы мүмкін күнтізбелік ж ы л д ы ң б і р б ө л і г і ;

62) ормандану – ағаш өспеген алқаптарда орманды қолдан өсіру немесе орманның т а б и ғ и т ү р д е ө с у і ;

63) ормандарды күзету – орман өртінің алдын алу және орман өртіне, ағаштың заңсыз кесілуіне және Қазақстан Республикасының орман заңнамасын басқа да бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

64) орманды күтіп-баптау мақсатында ағаш кесу – жоғары өнімді және төзімді екпелерді қалыптастыру мақсатында екпелердің арасынан өспей қалған немесе ағаштардың басты тұқымдарының өсуіне кедергі келтіретін ағаштарды жою жолымен жүзеге асырылатын орманды мерзімдік күтіп-баптау;

65) орманның қайта түлеуі – сүрекдіңдер арасында, сондай-ақ ағашы кесілген, өрт шалған және бұрын орман болған басқа да алаңдарда орманның жаңа түптерінің пайда б о л у ы н ы ң т а б и ғ и п р о ц е с і ;

66) орманды қорғау – орманды орман зиянкестерінен, ауруларынан және табиғи, антропогендік және техногендік сипаттағы қолайсыз факторлар әсерінен қорғау жөнінде жер үстіндегі және авиациялық әдістермен жүзеге асырылатын іс-шаралар ж и ы н т ы ғ ы ;

67) орманды молықтыру – орман ағаштарын отырғызуға немесе орманды күтіп-баптау және оны сауықтыру жөніндегі шараларды қоса алғанда, бұрынғы орманды алаңдарды табиғи түрде қайта жаңғыртуға ықпал ететін шаралар жүргізу;

68) орманды (кеспеағаш аймағын) таксациялау – орман ресурстарының, соның ішінде кесу көзделетін еспе ағаштардың сапалық және сандық сипаттамаларын анықтау, есепке алу, бағалау жөніндегі іс-шаралар;

69) орманды өңір – қандай да бір аумақта орман басқан жерлердің оның жалпы алаңына орман өскен жердің арақатынасы арқылы анықталып, пайызбен белгіленетін д ә р е ж е с і ;

70) орманның аса қауіпті зиянкестері – жаппай көбейіп, таралатын, сөйтіп ормандарға зияндылықтың экономикалық шегінен асып кететін залал келтіретін з и я н к е с о р г а н и з м д е р ;

71) орманның генетикалық резерваты – өсімдіктер түрі, түр тармағы популяциясының генетикалық-селекциялық тұрғыдан құнды бөлігі бар орман учаскесі;

72) орманның жинақталмаған ағаштары – қолдан өсірілген (себілген немесе отырғызылған), бірақ орманды алқаптарға көшірілмеген ағаштар;

73) орманның санитариялық жай-күйі – қоқыстанған, солып қалған және қураған

ағаштардың болуы, зиянкестер санының және орман аурулары таралуының қарқыны, орманның жай-күйіне кері әсер ететін басқа да жағымсыз факторлар туралы мәліметтерді қамтитын орман жай-күйінің сипаттамасы;

74) орманшылық – орман иеленушінің өз шекарасында орналасқан, орман шаруашылығы іс-шараларын жоспарлау мен орындауға, орман пайдалану көлемін есептеуге арналған құрылымдық бөлімшесі;

75) өртең – екпе ағашын өрт жойып жіберген, ал жаңа түптері әлі көтеріле қоймаған орман алқабы;

76) өскін – орман жапырақтары астында немесе ағашы кесілген жерде қалып қойған, көтеріліп өсуге немесе аналық сүректіңдерді алмастыруға жарамды ағаш өсімдіктерінің жас шыбықтары;

77) санитариялық мақсатта ағаш кесу – орманның санитариялық жай-күйін жақсарту мақсатында жүргізілетін ағаш кесу (ішінара, жаппай), оның барысында жекелеген ауру, зақымданған, солып қалған және қураған ағаштар кесіледі;

78) селдіреу – жуандығы 0,1 - 0,2 мөлшеріндегі жасы бірінші және екінші сыныптағы шыбықтарды қоспағанда, табиғи түрде қалыптасқан сүректіңдер;

79) сөл алу – ағаштардың діндерінен шайыр, сөл алу үшін оларды көктеп-өсу кезеңінде қолдан зақымдау;

80) сүректің – орман екпелерінің негізгі компоненті болып табылатын ағаштар жиынтығы;

81) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары – өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер құру үшін өсірудің қарқынды агротехникасы қолданылатын ағаш және бұта тұқымдылар;

82) тексеру кезеңі – орман шаруашылығын жүргізу үшін орман орналастыру жобасы немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақты басқару жоспары әзірленетін мерзім;

83) тұрақты орман тұқым базасы – тұқым қуалаушылық қасиеті құнды және себу сапасы жоғары тұқым алу үшін Қазақстан Республикасының орман заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман қорында аумағы жағынан бөлінген, селекциялық-тұқым шаруашылығы мақсатындағы объектілер жиынтығы;

84) тұрақты орман тұқымы учаскесі – осы орман өсіру жағдайларында ұзақ уақыт бойы тұқым алуға арналған артықшылығы бар екпелерде, тұқым плантацияларында артықшылығы бар ағаштардан дайындалған тұқымдардан өсірілген, егілген немесе отырғызылған көшеттерден жасалған жоғары өнімді табиғи түрдегі немесе орман дақылдары екпелерінің қалыптасқан учаскелері;

85) усадьба – ағаш өспеген алқаптарға жататын, орман шаруашылығын жүргізумен және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмыс істеуімен байланысты тұрғын үйге арналған және кісі тұрмайтын қора-жайлар орналасқан жер учаскелерін білдіретін мемлекеттік орман қоры алқаптарының түрі;

86) шайыр – қылқан жапырақты ағаштар зақымданған кезде бөлінетін қоймалжың  
з а т ;

87) шоқ ормандар – орманды дала аймағында шағын учаскелер (0,1-ден 30 гектарға  
дейін) болып өсетін табиғи ормандар.»;

5 ) 6 - б а п т а :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жекеше орман қорына Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жеке  
және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер  
пайдалануға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен берілген жерлерде, солардың  
қ а р а ж а т ы е с е б і н е н ж а с а л ғ а н :

1) қолдан өсірілген екпелер;

2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер;

3) жекеше орман питомниктері;

4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;

5) агроорман-мелиорациялық екпелер;

6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарына бөлінген белдеулердегі  
қ о р ғ а н ы ш т ы қ е к п е л е р ж а т а д ы .

5-тармақтың 2) тармақшасындағы «қала ормандары мен орманды саябақтарды»  
деген сөздер «қала ормандарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Жекеше орман қоры жерлеріне Қазақстан Республикасының Жер кодексіне  
сәйкес жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ  
мерзімді жер пайдалануға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен берілген:

1) қолдан өсірілген екпелер;

2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер;

3) жекеше орман питомниктері;

4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;

5) агроорман-мелиорациялық екпелер;

6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль жолдарына бөлінген белдеулердегі  
қ о р ғ а н ы ш т ы қ е к п е л е р о р н а л а с қ а н ж е р л е р ж а т а д ы .»;

7) 2-бөлімнің тақырыбындағы «және бақылау» деген сөздер «, бақылау және  
қадағалау» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 11-баптағы «аумақтық органдары» деген сөздер «аумақтық бөлімшелері» деген  
сөздермен ауыстырылсын:

9) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

«11-1-бап. Орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды,  
ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз

ету жүйесі



Орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету жүйесіне:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) аумақтық бөлімшелері бар ведомствосын қоса алғанда, уәкілетті орган;
- 3) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар;
- 4) жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары;
- 5) орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары;
- 6) мемлекеттік орман орналастыру ұйымдары;
- 7) орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету саласындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;
- 8) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы ғылыми ұйымдар;
- 9) орман иеленушілер мен орман пайдаланушылар;
- 10) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мақсатында құрылған қоғамдық бірлестіктер кіреді.»;

10 ) 12 - б а п т а :

7 ) т а р м а қ ш а д а :

«су қоймалары» деген сөздерден кейін «, каналдар» деген сөзбен толықтырылсын;  
«тәртібін айқындайды» деген сөздер «қағидаларын бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын ;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«8) мемлекеттік орман қорының аумағында орман орналастыруды жүргізу қағидаларын бекітеді;»;

9) тармақша алып тасталсын;  
10) тармақшадағы «жинау» деген сөз «алып қою» деген сөздермен ауыстырылсын;  
12) тармақшада «қорғау,» деген сөзден кейін «орман қорын пайдалану,» деген сөздермен толықтырылсын ;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«15) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарын айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекітеді;»;  
мынадай мазмұндағы 17-1), 17-2), 17-3), 17-4), 17-5), 17-6), 17-7), 17-8), 17-9), 17-10), 17-11), 17-12), 17-13), 17-14), 17-15), 17-16), 17-17), 17-18) және 17-19) тармақшалармен толықтырылсын :

«17-1) ормандарды молықтыру және орман өсіру қағидаларын бекітеді;  
17-2) көшет материалы мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру үшін мемлекеттік орман қорының учаскелерін пайдалану қағидаларын бекітеді;  
17-3) карантиндік түрлерді қоспағанда, орманның аса қауіпті зиянкестері мен

ауруларының тізбесін және оларға қарсы күрес тәртібін бекітеді;

17-4) ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидатын бекітеді;

17-5) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген орындарды куәландыру қағидаларын бекітеді;

17-6) мемлекеттік орман қорында таңбалар қолдану қағидаларын бекітеді;

17-7) орман қорының аумағында өрттен келтірілген залалды есепке алу, анықтау және өтеу қағидаларын бекітеді;

17-8) мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдаланушылар сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар өткізетін орындардағы өрт сөндіру құралдарының тиесілік нормаларын бекітеді;

17-9) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын аумақтық бөлімшелерде мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекітеді;

17-10) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалатын шығындарды өтеу қағидаларын бекітеді;

17-11) орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

17-12) орман қорын мемлекеттік есепке алуды; мемлекеттік орман кадастрын; ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын бекітеді;

17-13) мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережесін бекітеді;

17-14) дериваттар тізбесін бекітеді;

17-15) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салуға пайдалануға рұқсат беру қағидаларын бекітеді;

17-16) орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасына бақылау жасау қағидаларын бекітеді;

17-17) орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу және анықтау қағидаларын бекітеді;

17-18) Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларын бекітеді;

17-19) мемлекеттік орман күзеті туралы ережені бекітеді;»;

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
 «13-бап. Уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің  
 қ ұ з ы р е т і » ;

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар  
 тұжырымдайды және оны іске асырады;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді  
 ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өзінің функционалдық қарауындағы  
 мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;»;

5) тармақшада «тексерулер арқылы мемлекеттік бақылау жасауды» деген сөздер «  
 тексерулер арқылы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды» деген сөздермен  
 а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6), 7), 8) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«6) мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі есептік кеспеағаш аймағын және  
 ағаштың кесілетін жасын әзірлеу мен бекітуді қамтамасыз етеді;

7) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде  
 орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру жөніндегі тендерлердің  
 материалдарын, сондай-ақ тендер жеңімпазымен жасалатын шарттардың жобаларын  
 облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы  
 органдарымен, аумақтық бөлімшелермен және өзге де мемлекеттік органдармен  
 к е л і с е д і ;

8) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін,  
 мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік  
 мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлейді және оларды жүргізуді қамтамасыз етеді;  
 » ;

«11) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті  
 атқарушы органының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі  
 басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары  
 басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды  
 молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша есебін тыңдайды;»;

14) тармақшада «облыстық атқарушы орган өкілінің» деген сөздер «облыстың,  
 республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы  
 органдары өкілдерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) мынадай: мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін  
 төлемақы мөлшерлемелерін есептеу; орман қоры аумағында өрттен келтірілген залалды

есепке алу және анықтау бойынша; орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу және анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлейді және бекітеді; »;

мынадай мазмұндағы 18-1), 18-2), 18-3), 18-4), 18-5), 18-6), 18-7) 18-8), 18-9), 18-10), 18-11), 18-12), 18-13), 18-14), 18-15), 18-16), 18-17), 18-18), 18-19), 18-20), 18-21), 18-22), 18-23), 18-24), 18-25), 18-26), 18-27), 18-28), 18-29), 18-30), 18-31), 18-32), 18-33), 18-34), 18-35), 18-36), 18-37) және 18-38) тармақшалармен толықтырылсын:

«18-1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшелерінің, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша қызметін үйлестіреді;

18-2) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланушылар жүзеге асыратын сүрек дайындау жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

18-3) орман орналастыру жобаларын бекітеді;

18-4) өсімдіктер дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді және рұқсаттар береді;

18-5) мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерін қалыптастырады және бекітеді;

18-6) орман тұқымдарын аудандастыруды әзірлейді және бекітеді;

18-7) орман шаруашылығы саласында ынталандыру қағидаларын және құрметті атақтар, омырауға тағатын белгілер мен құрмет грамоталарын беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

18-8) орман қорын күзету мен қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді;

18-9) білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша мектеп орманшылығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18-10) орман ағаштарын, питомниктерді, табиғи түрде қайта түлеуге ықпал ету шаралары жүргізілген және мемлекеттік орман қорында табиғи өсірілуге қалдырылған алқаптарды түгендеуді жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

18-11) орман орналастыруды жүргізу нұсқаулығын әзірлейді және бекітеді;

18-12) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат беру

қағидаларын

әзірлейді;

18-13) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждары, жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер береді және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат береді;

18-14) дериваттардың тізбесін әзірлейді;

18-15) Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктерді алып қою көлемі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

18-16) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарын айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын әзірлейді;

18-17) Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы мен мемлекеттік орман күзетінің лауазымды адамдарының айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

18-18) орман тұқымдарын дайындау, қайта өңдеу, сақтау және пайдалану, олардың сапасына бақылау жасау қағидаларын әзірлейді;

18-19) мемлекеттік орман қорын санаттарға бөлу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

18-20) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату және ағаш кесу қағидаларын әзірлейді;

18-21) өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілері жағалауындағы ормандардың тыйым салынған белдеулерінің енін белгілеу қағидаларын әзірлейді;

18-22) Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзудан келтірілген залалдың мөлшерін есептеуге арналған базалық мөлшерлемелер әзірлейді;

18-23) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру бойынша нормалар мен нормативтер әзірлейді;

18-24) мемлекеттік орман қоры аумағында шайыр, ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, жанама орман пайдалану қағидаларын әзірлейді;

18-25) ормандарды молықтыру және орман өсіру қағидаларын әзірлейді;

18-26) отырғызылатын материалдарды және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану қағидаларын әзірлейді;

18-27) карантиндік түрлерді қоспағанда, орманның аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының тізбесін және оларға қарсы күрес тәртібін әзірлейді;

18-28) ағаш кесу билеті мен орман билетінің нысандарын, оларды есепке алу, сақтау, толтыру және беру қағидатын әзірлейді;

18-29) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерді қуәландыру қағидаларын әзірлейді;

18-30) мемлекеттік орман қорында таңбалар қолдану қағидаларын әзірлейді;

18-31) орман қоры аумағында өрттер келтіретін залалды есепке алу, анықтау және өтеу қағидаларын әзірлейді;

18-32) орман қоры аумағында ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды есепке алу мен анықтау қағидаларын әзірлейді;

18-33) мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдаланушылар сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар өткізетін орындарда өрт сөндіру құралдарының тиесілік нормаларын әзірлейді;

18-34) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын аумақтық бөлімшелерде мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлейді;

18-35) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларды плантацияларға отырғызуға және онда өсіруге, жекеше орман питомниктерін құруға және дамытуға жұмсалған шығындарды өтеу қағидаларын әзірлейді;

18-36) мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережесін әзірлейді;

18-37) Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруы жөніндегі қағидаларды әзірлейді;

18-38) мемлекеттік орман күзеті туралы ережені әзірлейді;»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер):»;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар тұжырымдауға және оны іске асыруға қатысады;»;

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығы іс-шаралары орындалуының сапасына және олардың орман орналастыру жобаларына сәйкестігіне мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырады;»;

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) облыстың жергілікті атқарушы органының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері жөніндегі есебін

қ а р а й д ы ; » ;

мынадай мазмұндағы 9), 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

« 9 ) м ы н а л а р ғ а :

орман қорындағы сандық және сапалық өзгерістерге, оның санитариялық ж а й - к ү й і н е ;

мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын орман пайдалануға беру тәртібіне және ұзақ мерзімді орман пайдалану шарттарының сақталуына;

ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының, орман өрттерінің алдын алу жөніндегі, оларды уақтылы байқауды және жоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, сондай-ақ өртеңдер алқаптарын есепке алудың дәлме-дәлдігіне және мемлекеттік орман қорына өрттен келтірілген залалды анықтауға, орман өрттерінің салдарларын жою жөнінде қолданылған шаралардың уақтылығына;

ормандарды зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының пайда болуының, таралуының алдын алу жөнінде қолданылған шаралардың уақтылығына, осы ошақтарды, табиғи және антропогендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден екпелердің әлсіреуін және қурап-солып қалуын есепке алу мен болжаудың дәлме-дәлдігіне;

к е с п е а ғ а ш т а р д ы ң б ө л і н у і н е ;

мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату мен ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарында күзет режимдерінің сақталуына;

мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуына, орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларының сақталуына, питомниктер шаруашылығының жүргізілуіне;

орман қоры жерлерінің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуына және о с ы ж е р л е р д і ң қ о р ғ а л у ы н а ;

құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбалар өндіру, коммуникациялар тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды тексерулер арқылы жүзеге асырады;

10) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін олар әзірлеген төлемақы мөлшерлемелерінің жобаларын келіседі (сүректі түбірімен босату ү ш і н м ө л ш е р л е м е л е р д і қ о с п а ғ а н д а );

11) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының функционалдық карауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі тендерлердің материалдарына және шарттардың талаптарына тексеруді жүзеге асырады және уәкілетті органға қорытынды ұсынады;

12) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.»;

1 2 ) 1 4 - б а п т а :

2) тармақшадағы «аумақтық органдармен» деген сөздер «аумақтық бөлімшелермен» деген сөздермен ауыстырылсын;

3 ) т а р м а қ ш а д а :

«қорғалуы,» деген сөзден кейін «пайдаланылуы,» деген сөзбен толықтырылсын; «, орман өсіру және орман пайдалану» деген сөздер «және орман өсіру» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3 ) 1 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын: «1-1) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру және оны іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға қатысады;»;

3) тармақшадағы «әзірлеп,» деген сөз «әзірлейді, бекітеді және» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақша «шаруа» деген сөзден кейін «және фермер» деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақшадағы «тоқтата тұру туралы» деген сөздер «шектеу туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын: «13-1) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін (сүректі түбірімен босату үшін мөлшерлемелерді қоспағанда) жобаларын әзірлейді;»;

1 4 ) 1 8 - б а п т а :

тақырыбы және бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Орман мекемесінің негізгі қызметі

Орман мекемесі: »;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың, орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарға қатысады;»;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) өзіне орман иелену құқығымен берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жануарлар дүниесін күзету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.»;

15) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

«18-1-бап. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету

саласындағы қызметінің түрлері



Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз ету саласында :

- 1) мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды;
- 2) орман қорын күзету мен қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды;
- 3) ормандарды молықтыруды және орман өсіруді;
- 4) өсімдіктер дүниесі объектілерін қолдан өсіруді;
- 5) орман шаруашылығын жобалауды жүзеге асырады.»;
- 16) 4-тараудың тақырыбы «бақылау» деген сөзден кейін «және қадағалау» деген сөздермен толықтырылсын;

17) 19 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:  
«19-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау»;

1 - тармақта :

«Орман қорының жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына, пайдаланылуына, ормандардың молықтырылуына және орман өсіруге мемлекеттік бақылау» деген сөздер «Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау» деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге қатысты түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

«, оның ішінде ормандарды күзету, қорғау мен молықтыру» деген сөздер «, оның ішінде ормандарды күзету, қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру,» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері, өзге мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

3. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау тексерулер және байқаулар арқылы жүзеге асырылады.

Тексерулер мен байқаулар «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.»;

18) 20 - бапта :

тақырыбы мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«20-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік орман инспекциясы орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарынан тұрады.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Уәкілетті орган ведомствосының басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік орман инспекторы болып табылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

«Уәкілетті орган» деген сөздерден кейін «ведомствосы» деген сөзбен толықтырылсын ;

«ормандарды, жануарлар дүниесін күзету, қорғау, молықтыру және» деген сөздер «орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен» деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

«Уәкілетті органның» деген сөздер «Уәкілетті орган ведомствосының» деген сөздермен ауыстырылсын ;

«ормандарды, жануарлар дүниесін күзету, қорғау, молықтыру және» деген сөздер «орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы «ормандарды, жануарлар дүниесін күзету, қорғау, молықтыру және» деген сөздер «орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы «Аумақтық органдардың» деген сөздер «Ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

6, 7 және 8 - т а р м а қ т а р д а :

«Аумақтық органдар», «Аумақтық органдардың» деген сөздер тиісінше «Ведомствоның аумақтық бөлімшелері», «Ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің» деген сөздермен ауыстырылсын ;

«ормандарды, жануарлар дүниесін күзету, қорғау, молықтыру және» деген сөздер «орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру, жануарлар дүниесі мен» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 9 ) 2 1 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«21-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері»;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясы лауазымды адамдарының:» ;

2) тармақша алып тасталсын;  
3 - 1 ) тармақша да :

«осы Кодекстің» деген сөздер «осы Кодексті» деген сөздермен, «қаулыларының талаптарын» деген сөздер «қаулыларын» деген сөзбен ауыстырылсын;

«оны пайдалану» деген сөздер «пайдалану» деген сөзбен ауыстырылсын;

3-2) тармақшаның екінші абзацындағы «оны пайдалану» деген сөздер «пайдалану» деген сөзбен ауыстырылсын;

б) тармақшадағы «заңдарын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарын бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапқа тарту жөнінде ұсыныстар енгізу, ал қажет болған жағдайларда құқық қорғау органдарына оларды қылмыстық жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін материалдар беру құқығы беріледі.» деген сөздер «заңнамасын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту мен пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңнамасын бұзуға жол берген лауазымды адамдарды жауапқа тарту жөнінде ұсыныстар енгізу, құқық қорғау органдарына іс-жүргізу шешімдерін қабылдау үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін бұзушылықтар туралы хабарлау;» деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) заңсыз қолға түсірілген орман ресурстарын, көлік құралдарын және құқық бұзушылықтарды жасау құралдары болып табылатын өзге де заттарды алып қою, сот шешімі шығарылғанға дейін олардың сақталуын қамтамасыз ету құқығы бар.»;

2 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамдары : » ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын орман пайдалануға беру тәртібін және ұзақ мерзімді орман пайдалану шарттарының сақталуын;»;

4 ) тармақша да :

«зиянкестер мен аурулардан» деген сөздер «орман зиянкестері мен ауруларынан» деген сөздермен ауыстырылсын ;

«су басудан, қоқыстанудан, ақаба сулар мен шаруашылық әсерінің басқа да түрлерінен» деген сөздер «табиғи, антропогендік және техногендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы «сүректі» деген сөз «мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1) кеспеағаш аймағын бөліп беруді;»;

б) тармақшадағы «режимдердің» деген сөз «күзет режимдерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуының, орман тұқымдарының дайындалуының, өңделуінің, сақталуының және пайдаланылуының орындалуын, питомник шаруашылығының жүргізілуін;»;

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтік қаруды сақтауға, алып жүруге және қолдануға рұқсат беріледі.

4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік орман инспекциясының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар (погонсыз) нысанды киіммен және қызметтік қарумен қамтамасыз етіледі.

Айырым белгілері бар (погонсыз) нысанды киім киіп жүруге құқығы бар лауазымды адамдардың тізбесін, айырым белгілері бар (погонсыз) нысанды киім үлгілерін киіп жүру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.»;

20) 22-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Орман иелену құқығы жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган беретін тұрақты жер пайдалану құқығы актісімен куәландырылады.»;

21) 24 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) нәтижесінде өтімді қоқыс (жел, дауыл құлатқан ағаштар) пайда болған табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, оны жинауға жеке және заңды тұлғаларды шарт негізінде тарту;»;

3) тармақшадағы «органдармен» деген сөз «бөлімшелермен» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақша «өздері» деген сөзден кейін «өсірген және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;

22) 25-баптың 4) тармақшасы «өздері» деген сөзден кейін «өсірген және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;

23) 26-бап мынадай мазмұндағы 6-2), 6-3) және 7) тармақшадағы «тіркеуді жүргізуге міндетті.» деген сөздер «тіркеуді;» деген сөзбен ауыстырылып, 8), 9), 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесілген жерлерге куәландыру жүргізуге;

6-3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік орман қорында

таңбаларды қолдану қағидаларына сәйкес ағаштарды, сыпталған ағаштарды, сортименттерді және түбірлерді таңбалауды жүзеге асыруға;»;

«8) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау және пайдалану мен олардың сапасын бақылау қағидаларын сақтауға;

9) уәкілетті орган бекіткен орман тұқымдарын аудандастыруды сақтауға;

10) орман орналастыру жобасына және (немесе) ормандарды өртке қарсы орналастыру жобасына сәйкес орман өрт сөндіру станцияларын құруға және олардың қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік орман иеленушінің орман өрт сөндіру станциясы туралы ережесіне сәйкес қамтамасыз етуге;

11) білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен мектеп орманшылығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес мектеп орманшылығының жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесуге міндетті.»;

2 4 ) 3 1 - б а п т а :

1-тармақтағы «қарауында мемлекеттік орман қоры учаскелері бар уәкілетті орган немесе облыстық атқарушы орган» деген сөздер «мемлекеттік орман иеленуші» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Сүрек дайындау үшін орман ресурстарын ұзақ мерзімді орман пайдалануға бекіту жөніндегі тендерге қатысуға мынадай талаптарға сай келетін жеке және заңды тұлғалар жіберіледі:

1) меншік құқығында материалдық-техникалық базаның: мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларында белгіленген кеспеағаш жұмыстарын жүргізу кезінде ағаш кесудің белгіленген жыл сайынғы көлемінің және орман шаруашылығы-экология талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін сүрек құлатуға, сүйретуге, тиеуге және тасып әкетуге арналған техника мен жабдықтардың болуы;

2) ормандардағы өрт қауіпсіздігі қағидаларында көзделген өрт жабдықтары мен өрт сөндіру құралдарының болуы;

3) мамандығы бойынша (ағаш дайындау, орман ісі инженері, ағаш өңдеу, орман шаруашылығы) жоғары кәсіптік білімі немесе тиісті орта кәсіптік білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар жауапты орындаушы – инженер-техник қызметкердің болуы;

4) ағаш құлату, бұтақ шабу, сүрек сүйреу, тиеу және тасып әкету жұмыстарын жүргізуге машықтанған персоналдың болуы;

5) еңбекті қорғауға және қауіпсіздік техникасына жауапты маманның болуы;

6) іс-шараларды қаржыландыру көздері көрсетілген сүрек дайындау мен өңдеуді ұйымдастыру жөніндегі перспективалық үш жылдық жоспардың болуы.»;

2 5 ) 3 2 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) орман телімдері мен орман орамдарының нөмірлері көрсетіліп, орман пайдалану жүзеге асырылатын мемлекеттік орман қоры учаскесінің орман орналастырудың картографиялық материалдарынан алынған көшірме түріндегі ш е к а р а л а р ы ; »

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) орман ресурстарын игеру және ұтымды пайдалану, тендер жеңімпазының конкурстық өтінімінде көрсетілген ормандарды күзету, қорғау және молықтыру, орман ресурстарын өңдеу жөніндегі іс-шараларды инвестициялау;»;

26) 33-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шарты жазбаша нысанда жасалады және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес аумақтық бөлімшелерде мемлекеттік тіркеуге жатады.»;

27) 36-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ағаш кесу билетін беруге мыналар негіз болып табылады:

1) мемлекеттік орман иеленушілер үшін – уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі;

2) орман пайдаланушылар үшін – уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемі және ұзақ мерзімді орман пайдалану ш а р т ы .

3. Ағаш кесу билеті орман пайдаланушы мен орман иеленушіге сүрек, кесілген ағаш қалдықтарын (ұшар басынан алынған отын), шайыр, ағаш шырындарын және қосалқы сүрек ресурстарын дайындауға және кеспеағаш аймағынан ағаштар, сыпталған ағаштар немесе сортименттер (қабығы алынбаған іске жарамды және отындық) түрінде тасып әкетуге құқық беретін құжат болып табылады.»;

2 8 ) 3 7 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасындағы «өтем алуға құқығы бар.» деген сөздер «өтем алуға;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«5) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік орман иеленушімен келісім бойынша орман питомниктері мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді о р н а л а с т ы р у ғ а к ұ қ ы ғ ы б а р . » ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын жүзеге асыруы кезінде өздерінің міндеттерін тиісті дәрежеде орындаған орман пайдаланушылар, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында өзгеше белгіленбесе, шарттың қолданылу мерзімі

аяқталғаннан кейін басқа тұлғалардың алдында басқа да тең жағдайларда жаңа мерзімге ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын жасауға басымдық құқыққа ие болады .»;

2 9 ) 3 8 - б а п т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мемлекеттік орман қорының өздеріне орман пайдалану үшін бөлініп берілген учаскелерінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға, өз қаражаты есебінен орман өрттерінің алдын алу іс-шараларын жүргізуге; орман өрті туындаған жағдайда ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында көзделген шекарада оны сөндіруді жүзеге асыруға ; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік орман қорының басқа да учаскелерінде орман өрттерін сөндіруге қатысуға;»;

б) тармақша «белгіленген мерзімдерде» деген сөздерден кейін «өз қаражаты есебінен» деген сөздермен толықтырылсын;

9) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9) кеспеағаш аймағын кесілген ағаштардың қалдықтарынан мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидаларына сәйкес тазартуға;»;

«12) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кескен кезде орманның қайта түлеуін қоса алғанда, орман орналастыру жобасына сәйкес ағашы кесілген алаңның екі еселенген мөлшеріне тең алаңда ағаш отырғызуды жүзеге асыруға ; » ;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) мемлекеттік орман иеленушіде: орман дақылдары қоры; орман пайдаланушыға мемлекеттік орман қоры аумағында қосымша учаске беру мүмкіндігі болмаған жағдайларда жергілікті бюджетке орман көмкерген алқапқа ауыстырғанға дейін орман дақылдарын отырғызу мен өсіру құнының мөлшерінде төлемақы енгізуге міндетті. Орман дақылдарын отырғызу мен өсіру үшін төлемақы орман иеленуші әзірлеген технологиялық-есеп картасымен айқындалады;»;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде орман иеленушіге орман зиянкестерімен және ауруларымен күресті ұйымдастыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ оған мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін бөліп берілген учаскелерінде орман зиянкестері мен ауруларының пайда болуы туралы оған уақытылы хабарлауға;»

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

«17-1) орман пайдалануға берілген учаскелерде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарына сәйкес орман қорының жер учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге;»;

18) тармақша алып тасталсын;

2 0 ) т а р м а қ ш а д а :

«орман пайдалану төлемақысының мөлшерін анықтау» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

«аумақтық органдарына» деген сөздер «аумақтық бөлімшелеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

3 0 ) 3 9 - б а п т а :

1-тармақтың 2) тармақшасындағы «тоқтатыла тұруы мүмкін» деген сөздер «тоқтатыла тұрады» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасындағы «шектелуі мүмкін» деген сөздер «шектеледі» деген сөзбен ауыстырылсын;

31) 40-баптың 1-тармағының б) тармақшасында «немесе орман пайдаланудың төлемақысын» деген сөздер «немесе төлемақыны» деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 42-баптың 1, 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болу тәртібі мен шарттары мемлекеттік орман қорының санатымен, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрімен, аумақтың абаттану деңгейімен және орман пайдаланудың түрімен а й қ ы н д а л а д ы .

2. Жеке тұлғалардың, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатына жатқызылған өсімдіктер дүниесі объектілерін қоспағанда, демалыс өткізу, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық іс-шараларға қатысу, жабайы өскен жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинау мақсатында мемлекеттік орман қоры аумағында тегін рұқсаттама құжаттарынсыз болуға құқығы бар.

3. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында жабайы өскен жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын өз мұқтажы үшін жинауына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ұсынуы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органының шешімімен бекітілген нормалар шегінде рұқсат етіледі.»;

3 3 ) 4 4 - б а п т а :

2-тармақтың 3) тармақшасындағы «мен орманды саябақтар» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

4-тармақтың 3) тармақшасы «қызметінің режимі - » деген сөздерден кейін «жапырақты сүректіңдерді қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

34) 47-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі есептік кеспеағаш аймағын мемлекеттік орман иеленушінің орман орналастыру жобасының құрамында уәкілетті орган бекітеді.»;



3 5 ) 4 9 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігінде «аумақтық орган» деген сөздер «аумақтық бөлімше» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «Аумақтық органның» деген сөздер «Аумақтық бөлімшенің» деген сөздермен ауыстырылсын;

3 6 ) 5 5 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігінде:

1) тармақшадағы «шаруашылық ішінде ұйымдастырылуын анықтау» деген сөздер «шаруашылық ішілік ұйымдастырылуын айқындау, оның ішінде орманшылықтарға, орман шеберінің учаскелеріне және орман қарау аймағына бөлу» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) артықшылығы бар, қалыпты және кемістігі бар екепелерді қоса алғанда, орман екепелерін селекциялық тұрғыдан бағалау;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) жанама орман пайдалану мен қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының мұқтаждары, сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін пайдалану, оның ішінде сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға беру мөлшерін айқындау;»;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) орман шаруашылығын жүргізуге кешенді баға беру кезінде өткен тексеру кезеңі ішінде орман қоры аумағында өрттен және ағаштың заңсыз кесілуінен келтірілген залалды айқындау;»;

2-тармақтағы «ормандарды түгендеуге» деген сөздер «оны түгендеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

3 7 ) 5 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орман орналастыру Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік орман қоры аумағында орман орналастыруды жүргізу қағидаларына және уәкілетті орган бекіткен нұсқаулыққа сәйкес бірыңғай жүйе бойынша орындалады.»;

2-тармақ «ұйымдары» деген сөзден кейін «аэрофототүсірілімі мен ғарыш түсірілімінің материалдарын қолдана отырып» деген сөздермен толықтырылсын;

38) 57-баптың 1-тармағы «баға беріледі,» деген сөздерден кейін «орман шаруашылығы іс-шаралары жоспарланады және» деген сөздермен толықтырылсын;

39) 58-баптың 1-тармағындағы «оған ведомостволық бағыныстағы ұйымдар өз функцияларын жүзеге асыру кезінде» деген сөздер «мемлекеттік орман орналастыру ұйымдары» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 0 ) 5 9 - б а п т а :

2-тармақ «уәкілетті органмен» деген сөздер «уәкілетті мемлекеттік органмен» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Орман қорын мемлекеттік есепке алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүргізеді.»;

4 1 ) 6 0 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Мемлекеттік орман кадастрын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүргізеді.»;

2-тармақтағы «орман пайдаланудың» деген сөздер «ормандарды пайдаланудың» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 2 ) 6 1 - б а п т а :

«және ормандарды молықтыру, орман қорын пайдалану,» деген сөздер «мен пайдалану және ормандарды молықтыру» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ормандардың мемлекеттік мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүргізеді.»;

43) 62-баптың 4) тармақшасы «түбірімен босату» деген сөздерден кейін «, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу» деген сөздермен толықтырылсын;

44) 63-баптың 1-тармағындағы «аумақтық органдары» деген сөздер «аумақтық бөлімшелері» деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 64-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Орман шаруашылығы объектілерінде мемлекеттік өрт қадағалау өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның тиісті облыстың уәкілетті органымен және (немесе) жергілікті атқарушы органымен жасалған келісімімен регламенттеледі.»;

46) 65-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«65-бап. Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстар

1. Орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүргізу саласында маманданған ұйымдар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға с ә й к е с жү з е г е а с ы р а д ы .

2. Ормандарды өрттерден күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды орындау үшін орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстарды жүргізу саласында маманданған ұйымдар мемлекеттік метеорологиялық қызметтің қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді ауа райы болжамдарымен қамтамасыз етіледі.»;

47) 66-баптың 1-тармағындағы «қатыса алады» деген сөздер «қатысуға құқылы» деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 67-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:  
«2-1. Карантиндік түрлерді қоспағанда, орманның аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының тізбесін және олармен күресу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

49) 68-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«68-бап. Жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз етуге қатысуы

Жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орман қорын күзетуді, қорғауды, пайдалануды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді қамтамасыз етуге қатысады.

Халық орман қорын күзетуге, қорғауға, пайдалануға, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы қатысады. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар орман қорын күзетуге, қорғауға, пайдалануға, ормандарды молықтыруға және орман өсіруге байланысты жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жәрдем көрсетеді.

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мақсатында құрылған қоғамдық бірлестіктер ормандардың биологиялық әр алуандығын, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін, мәдени және табиғи мұраны сақтау, орман ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, мектеп орманшылықтарын дамыту, қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктерін құру жөніндегі өздерінің қызметін және орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласындағы басқа да қызметті орман мекемесімен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.»;

50) 69-баптың 5-тармағы «тәртіппен» деген сөзден кейін «айырым белгілері бар» деген сөздермен толықтырылсын;

51) 73-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:  
«3-1. Мемлекеттік орман қорында орман дақылдарын, питомниктерді, орманның табиғи қалпына келуіне жәрдемдесу шаралары жүргізілген және табиғи өсуге қалдырылған алаңдарды түгендеу уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырылады.»;

52) 75-баптың 2-тармағында «ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы органның» деген сөздер «ғылым саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның» деген сөздермен ауыстырылсын;

53) 77-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«4. Орман тұқымы плантациялары мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен

және осы салада маманданған жобалау-іздігіру немесе ғылыми ұйымдар әзірлеген  
ж о б а л а р б о й ы н ш а қ ұ р ы л а д ы .

Тұрақты орман тұқымы учаскелері осы салада маманданған жобалау-іздігіру және  
ғылыми ұйымдардың ұсынымдарына сәйкес қалыптасады.»;

54) 78-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы «дақылдары жатады.» деген  
сөздер «дақылдары;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5)  
т а р м а қ ш а м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«5) орман генетикалық резерваттары жатады.»;

5 5 ) 8 0 - б а п т а :

3-тармақтағы «орман тұқымдарының егу сапасын,» деген сөздер «орман  
тұқымдарына сараптама жасауды» деген сөздермен және «сәйкестігін айқындауды»  
деген сөздер «сәйкестігі туралы құжаттар беруді» деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

56) 81-бапта «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарына» деген сөздер  
«ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына» деген сөздермен  
ауыстырылсын;

5 7 ) 8 2 - б а п т а :

тақырыбындағы «Қала ормандары мен орманды саябақтарда» деген сөздер «Қала  
ормандарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

«мен орманды саябақтар» деген сөздер алып тасталсын;

«мәдени-сауықтыру және спорт шараларын» деген сөздер «сауықтыру,  
рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік, спорттық және басқа да шараларды» деген  
сөздермен ауыстырылсын;

58) 83-баптағы «Мемлекеттік шекара туралы заңдарында» деген сөздер «Қазақстан  
Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының  
заңнамасында» деген сөздермен ауыстырылсын;

5 9 ) 8 4 - б а п т а :

1-тармақтағы «Кодекстің талаптарына сәйкес» деген сөздер «Кодекске сәйкес»  
деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «аумақтық органдары» деген сөздер «аумақтық бөлімшелері» деген  
сөздермен ауыстырылсын;

60) 88-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы «пайдалану түрлері жүзеге  
асырылуы мүмкін.» деген сөздер «пайдалану;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай  
мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) мемлекеттік орман қоры учаскелерін ағаш және бұта тұқымдарының отырғызу  
материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану  
түрлері жүзеге асырылуы мүмкін.»;

2-тармақтағы «өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулері» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«3. Мемлекеттік орман қорының мынадай:

1) шектеулі шаруашылық қызметі аймақтарында «мемлекеттік ұлттық табиғи саябақ ормандары» және «мемлекеттік өңірлік табиғи саябақ ормандары»;

2) «жапырақты сүректіңдерді қоспағанда, «өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған б е л д е у л е р і » ;

3) шектеулі шаруашылық қызметі аймағындағы «мемлекеттік қорық аймақтары ормандары» санаттарында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленеді.

Мемлекеттік орман қорының «өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулері» санатында шаруашылық қызмет Қазақстан Республикасының орман және су заңнамаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.»;

62) 93-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:

«су жайылған жерлердегі өскіндерінен жаңарып шығатын жапырақты сүректіңдерінде» деген сөздер «жапырақты сүректіңдерінде» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«су қоймалары» деген сөздерден кейін «, каналдар» деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақтағы «санитарлық» деген сөз «іріктеп санитариялық» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақ «сүрек дайындау көлемі» деген сөздерден кейін «жаппай санитариялық мақсатта ағаш кесу жөніндегі,» деген сөздермен толықтырылсын;

64) мынадай мазмұндағы 102-1 және 102-2-баптармен толықтырылсын:

«102-1-бап. Мемлекеттік орман қорының учаскелерін ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалы мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру үшін пайдалану

1. Мемлекеттік орман қорының учаскелері ағаш және бұта тұқымдыларының отырғызу материалдары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер өсіру үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға ұзақ мерзімді орман пайдалануға шарт талаптарымен беріледі.

2. Арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қорының тек ормансыз жерлерге жататын учаскелері бөлінеді.

102-2-бап. Орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қорының жерлерінде объектілер салу

1. Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығы мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қорының жерлерінде объектілер салу уәкілетті орган берген рұқсаттың негізінде және уәкілетті органмен келісілген эскизге (эскиздік жобаға) сәйкес әзірленген жобалау ( жобалау-сметалық) құжаттама бойынша жүзеге асырылады.

2. Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығы мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының қолданылу мерзімі өткеннен соң орман пайдаланушының шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға артықшылықты құқығы бар.

3. Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығы мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін орман ресурстары ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қорының жерлерінде құрылыс объектілерін пайдалану құқығының ауысу мәселелері ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында айқындалады.

4. Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығы мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығының ауысуына қарамастан, орман пайдаланушы құрылыс объектілерін уәкілетті органның жазбаша хабарламасына сәйкес басқа тұлғаға беру не шартта өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы учаскені қалпына келтіру жөнінде іс-шаралар жүргізуге міндетті.

5. Жер учаскелеріндегі құрылыс объектілерін бөлшектеуді және сыртқа шығаруды орман пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның өміріне , денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіз тәсілмен жүзеге асыруға тиіс.»;

65) 103-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде «пайдалану» деген сөз «орман пайдалану» деген сөздермен ауыстырылсын;

6 6 ) 1 0 6 - б а п т а :

1) тармақшада «заң» деген сөз «заңнамалық» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы «жолымен жүзеге асырылады.» деген сөздер «және жекеше орман өсіруді дамытуды мемлекеттік қолдау;» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу мен өсіруге, жекеше орман питомниктерін құру мен дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу жолымен жүзеге асырылады.»;

67) 108-баптың 2-тармағындағы «ормандарды күзету, қорғау,» деген сөздер «орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды» деген сөздермен ауыстырылсын;

6 8 ) 1 1 0 - б а п т а :

8 ) т а р м а қ ш а д а :

екінші абзацтағы «аурулардан» деген сөз «орман ауруларынан» деген сөздермен ауыстырылсын ;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:  
«орман шаруашылығын жобалау;»;

8) тармақшадағы «іс-шараларды қаржыландыру жүзеге асырылады.» деген сөздер «іс-шараларды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын :

«9) тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу мен өсіруге, жекеше орман питомниктерін құру мен дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеуді қаржыландыру жүзеге асырылады.»;

6 9 ) 1 1 2 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді.

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) аралық мақсатта пайдалану үшін және өзге де мақсаттарда ағаш кесу және басқа да, оның ішінде халықты отынмен қамтамасыз ету үшін ағаш кесу кезінде алынған сүректі өңдеуден алынған тауарлар мен өнімдерді, сондай-ақ жанама орман пайдалану өнімдерін өткізу және сүрек өңдеу жөнінде қызметтер көрсету;»;

мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

«3) орман мекемелерінің аумақтары шегінде халыққа жүк тасымалдау жөнінде көлік қызметтерін көрсету ;

4) орман пайдаланушымен жасалған шартқа сәйкес сүрек дайындау үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыруды жүзеге асыру есебінен қаражаты болуына құқылы.»;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызмет түрлерінен табыс алу мақсатында орман мекемелері мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысуға құқылы.»;

70) мынадай мазмұндағы жаңа 18-1-тараумен толықтырылсын:

«18-1-тарау. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау

112-1-бап. Жекеше орман өсірудің мемлекеттік қолдауға жататын бағыттары

1. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі :

1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда, тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларын плантациялық өсіру;

2) орман питомниктерін құру және дамыту.

2. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жерлерінде де, мемлекеттік орман қоры жерлерінде де жүзеге асырылады.

112-2-бап. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау субъектілері

Тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу мен өсіру, жекеше орман питомниктерін құру мен дамыту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалары жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау субъектілері болып табылады.

112-3-бап. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау және оны жүзеге асыру мерзімдері

1. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау:

1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда, тез өсетін ағаш және бұта тұқымдылары плантацияларын отырғызу мен өсіруге жұмсалатын шығыстарды өтеу ( е л у п а й ы з ғ а д е й і н ) ;

2) жекеше орман питомниктерін құру және дамытуға жұмсалатын шығыстарды өтеу (елу пайызға дейін) арқылы жүзеге асырылады.

2. Жекеше орман өсіруді мемлекеттік қолдау мынадай мерзімдерден аспай жүзеге асырылады :

1) өнеркәсіптік және энергетикалық мақсаттарда, тез өсетін ағаш және бұта тұқымдыларын плантациялық өсіру – он-он бес жыл;

2) жекеше орман питомниктерін құру мен дамыту – бес-он жыл.»;

71) 114 және 116-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«114-бап. Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.»;

«116-бап. Орман қорына кірмейтін ағаш және бұта өсімдіктерін жойғаны немесе зақымдағаны үшін жауаптылық

Осы Кодекстің 6-бабы 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілгеннен басқа, орман қорына кірмейтін ағаш және бұта өсімдіктерін заңсыз жою немесе зақымдау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.».

5. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір



заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) бүкіл мәтін бойынша «жануарлар мен өсімдіктер» деген сөздер «өсімдіктер мен жануарлар» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мазмұны мынадай мазмұндағы 19-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын: «19-1-бап. Мемлекеттік орман қорының су объектілері»;

3) 11-баптың 3-тармағының 5) тармақшасындағы «су объектілері болып бөлінеді.» деген сөздер «су объектілері;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

«б) мемлекеттік орман қорының су объектілері болып бөлінеді.»;

4) мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын:

«19-1-бап. Мемлекеттік орман қорының су объектілері

1. Мемлекеттік орман қорының су объектілерін құру тәртібі, күзету режимі, сондай-ақ олардағы қызмет шарттары Қазақстан Республикасының су және орман заңнамасында белгіленеді.

2. Су объектілеріне іргелес мемлекеттік орман қоры аумақтарын күзету режимі Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес су объектілерін санитариялық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде сақтап тұруды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болдырмау үшін белгіленеді.

3. Мемлекеттік орман қорының су объектілерін пайдалануға беру осы Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.»;

5) 37-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «8) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау тәртібін әзірлейді;»;

6) 37-1-бап мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын: «8-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша, ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен елді мекендер шегінде ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау тәртібін әзірлейді;».

7) 116 - бапта:

1-тармақтағы «Су объектілері» деген сөздер «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері мен мемлекеттік орман қоры құрамына кіретін су объектілерін қоспағанда, су объектілері» деген сөздермен ауыстырылсын;

3 және 4-тармақтар алып тасталсын.

6. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат, 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-

құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) бүкіл мәтін бойынша «жануарлар мен өсімдіктер», «жануарлар мен өсімдіктерді» деген сөздер тиісінше «өсімдіктер мен жануарлар», «өсімдіктер мен жануарларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 239-баптың 9-тармағының бірінші абзацы «су айдындарының» деген сөздерден кейін «және (немесе) учаскелерінің» деген сөздермен толықтырылсын.

7. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; 2011 жылғы 6 тамызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 29 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті органдардың мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі құзыретінің аражігін ажырату және бюджет процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1 ) 5 0 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

«6) ағаш және бұта тұқымдылары мен арнайы мақсаттағы плантациялық екпелердің егілетін материалын өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік орман иеленушілер: жергілікті атқарушы органдардың орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері; орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік ұйымдары; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның табиғат қорғау мекемелері; көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның және автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік ұйымдары ведомстволық бағыныстылығына сәйкес тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей өзінің орналасқан жері бойынша салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтер береді.»;

2) 534-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы «төнген» деген сөзден кейін « өсімдіктер,» деген сөзбен толықтырылсын;

3) 540-баптың 3) тармақшасы «төнген» деген сөзден кейін «өсімдіктер,» деген сөзбен толықтырылсын;

4) 547-баптың 2-тармағының 9) тармақшасы «төнген» деген сөзден кейін « өсімдіктер,» деген сөзбен толықтырылсын.

8. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 36-1) және 44-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«36-1) көгалдандыру екпелері – елді мекендердің шекараларында ортақ пайдаланылатын жерлерде орналасқан орманды саябақтар, саябақтар, скверлер, бульварлар, желілік екпелер, үй жанындағы екпелер, көгалдар, гүлзарлар;»;

«44-1) орманды саябақ – табиғи орманның барлық элементтері бар орнықты табиғи кешен қалыптастыру үшін іс-шаралар жүргізуді қажет ететін, елді мекен шекарасындағы ортақ пайдаланылатын жерлерде орналасқан табиғи және (немесе) қолдан өсірілетін екпе;»;

2 ) 6 8 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығы мұқтаждары; қосалқы орман пайдалану үшін орман

ресурстары өзіне ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қорының жерлерінде, сондай-ақ туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар мен мемлекеттік табиғи резерваттардың ұзақ мерзімді пайдалануға берілген учаскелерінде объектілер салуды жүзеге асыру ниеті бар тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының орман заңнамасына және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес жер учаскесін құрылыс салу үшін пайдалануға рұқсат алады.»;

5-тармақтың бірінші бөлігі «шешімі» деген сөзден кейін «, сондай-ақ орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты» деген сөздермен толықтырылсын.

9. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 107-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) бүкіл мәтін бойынша «мемлекеттік бақылауды» және «мемлекеттік бақылау» деген сөздерден кейін тиісінше «және қадағалауды» және «және қадағалау» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) акваөсіру – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының жасанды өсімін молайту және өсіру;

2) аншлаг – аңшылық шаруашылықтардың, өсімді молайту учаскелері мен тыныштық аймақтарының, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің атауы мен шекараларын, сондай-ақ аңшылыққа және балық аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарды көрсететін маңдайша жазу;

3) аңшы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аң аулауға құқық алған жеке тұлға;

4) аңшы куәлігі – жеке тұлғаның аң аулау құқығын куәландыратын белгіленген нысандағы құжат;

5) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қоры – жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе)

у ч а с к е л е р і ;

6) аңшылыққа қойылатын ең төменгі талап (бұдан әрі - аңшылық минимумы) – оқыту бағдарламасының Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының, аңшы куәлігін беру үшін білу міндетті шарт болып табылатын аң аулау кезіндегі қауіпсіздік техникасының мәселелерін қарастыратын арнайы қысқаша курсы;

7) аңшылық иттердің ұлттық тұқымы – Қазақстан Республикасының аумағында халықтық селекциялық әдіспен алынған және әдетте әуесқойлық (спорттық) аңшылықта қолданылатын тазы, төбет тұқымы;

8) аңшылық олжа – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекендеу ортасынан алынған жануар (балық ресурстары мен басқа да су жануарларынан басқа), олардың бөліктері мен дериваттары;

9) аңшылық шаруашылығы – аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану, жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын сақтау, оларды қорғау және өсімін молайту жөніндегі шаруашылық қызметтің түрі;

10) аңшылық шаруашылығының санаты – аңшылық шаруашылықтарына шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру негізінде берілетін, аңшылық алқаптары өнімділігінің, күзет және өсімін молайту іс-шаралары сипатының белгілері бойынша аңшылық шаруашылықтарының жіктемелік бөліну бірлігі;

11) аңшылық шаруашылығы субъектісі – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аңшылық шаруашылығын жүргізетін жеке немесе заңды тұлға;

12) аңшылық шаруашылығының ішкі регламенті – жеке тұлғаның аңшылық шаруашылығы аумағында аң аулауды жүргізу тәртібін белгілейтін, жануарларды ұстап алу нормасын, көрсетілетін қызметтердің баға прејскурантын қамтитын құжат;

13) аушы жыртқыш құс – аңшылықта пайдаланылатын бүркіт, сұңқар және қ а р ш ы ғ а ;

14) балық аулау – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау;

15) балық аулаушы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әуесқойлық (спорттық) балық аулау құқығын алған жеке тұлға;

16) балық аулау олжасы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекендеу ортасынан алынған балық ресурстары мен басқа да су жануарлары объектісі, олардың бөліктері мен дериваттары;

17) балықтардың көбею кезеңі – белгілі бір балық түрінің уылдырық шашатын у а қ ы т к е з е ң і ;

18) балықтың қайда ауланғаны туралы анықтама – уәкілетті орган белгілеген, балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде ауланған балық ресурстары мен басқа да су жануарларының шығу тегін растайтын құжат;

19) балықтарды қорғау құрылғысы – балық ресурстары мен басқа да су

жануарларының су жинайтын және гидротехникалық құрылыстарға түсуін болдырмауға арналған құрылғы;

20) балықтардың қырылуы – балық ресурстарының және басқа да су жануарларының су айдынының және (немесе) учаскесінің гидрохимиялық және өзге де режимінің бұзылуынан туындаған жаппай қырылуы;

21) балықтың қырылу қаупі бар су айдыны және (немесе) учаскесі – балық шаруашылығының балық әлсін-әлсін қырылуға ұшырайтын су айдыны және (немесе) учаскесі;

22) балықтардың өріс аударуы - балықтардың бір мекендеу ортасынан екінші ортаға жаппай ауысуы;

23) балық өсіру – акваөсірудің кәсіпкерлік қызмет мақсатында балықтардың өсімін жасанды молайту және өсіру жөніндегі бағыты;

24) балық ресурстары және басқа да су жануарлары – сулы ортада мекендейтін барлық жануарлардың жалпы жиынтығы;

25) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын мемлекеттік басқарудың бассейндік принципі (бұдан әрі - бассейндік принцип) – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган әкімшілік-аумақтық бөлінісіне қарамастан қолданатын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының өсімін молайту мен өріс аудару ерекшеліктері ескерілген, балық шаруашылығы су айдындарындағы және (немесе) учаскелеріндегі балық ресурстарын және басқа да су жануарларын басқарудың біртұтас жүйесі;

26) балық шаруашылығы – балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғаумен, өсімін молайтумен, акваөсірумен, балық өсірумен, балық аулаумен, сондай-ақ қайта өңдеумен және өткізумен байланысты шаруашылық қызмет түрі;

27) балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелерін паспорттау – балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп бергенге дейін жүргізілетін, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, олардың алаңын, жай-күйін, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының түрлік құрамын белгілеу жөніндегі іс-шаралар кешені;

28) балық шаруашылығы субъектісі – қызметінің негізгі бағыты балық шаруашылығын жүргізу болып табылатын жеке және заңды тұлға;

29) балық шаруашылығын ұйымдастыру – балық өсіру-мелиорациялық, қорғау және өсімін молайту іс-шаралар кешенін жүзеге асыру, абаттандыру, балық шаруашылығын жүргізу жоспарына сәйкес балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп бергеннен кейін пайдаланушы жүргізетін, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорын ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және оның деректерін нақтылау;

30) балықшы – бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде өзінің еңбек міндеттемелеріне қарай балық ресурстарын және

басқа да су жануарларын аулауды жүзеге асыратын балық шаруашылығы субъектісінің қызметкері ;

31) балықшы куәлігі – жеке тұлғаның балықшы функцияларын жүзеге асыру құқығын куәландыратын, балық шаруашылығы субъектісі берген, белгіленген нысандағы құжат ;

32) биологиялық негіздеме – жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерінің жол берілетін аулау мөлшерін анықтауға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің объектілері мен олардың мекендеу ортасына ықпал етуге қабілетті қызметке арналған ғылыми негізделген қорытынды ;

33) дериват – жануардың туынды түрі мен одан және оның туынды түрінен өндірілген өнім ;

34) аң-құс өсіру – аң аулау объектісі болып табылатын жануарларды аңшылық шаруашылық субъектілерінің өсіруі ;

35) жануарлар – құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары) ;

36) жануардың бөлігі (бұдан әрі – бөлік) – жануардың түрін танып білуге мүмкіндік беретін оның денесінің бір бөлігі ;

37) жануарларды будандастыру – шаруашылықта пайдалы озық белгілері немесе қасиеттері бар дара нұсқаларды алу мақсатында жануарлардың алуан түрлерінің немесе тұқымдарының дара нұсқаларын шағылыстыру ;

38) жануарлар дүниесі – Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығы ;

39) жануарлар дүниесі объектілерін алу – табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін жануарларды, олардың бөліктері мен дериваттарын мекендеу ортасынан жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттың негізінде алу (ұстап алу, аулау, атып алу, жинау, соғып алу) ;

40) жануарлар дүниесі объектілерін жасанды өсіру – жануарлар түрлерін еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру ;

41) жануарлар дүниесін қорғау – жануарлар дүниесін, олар мекендейтін ортаны және биологиялық сан алуандықты сақтауға, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану мен өсімін молайтуға бағытталған қызмет, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені ;

42) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – жануарлар дүниесін қорғау,

өсімін молайту және пайдалану саласындағы басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

43) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның тексерілетін субъектілерді олардың қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру және қадағалау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша шұғыл ден қоюсыз құқықты шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін;

44) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік қадағалау – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және қадағалау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша құқықты шектеу сипатындағы, оның ішінде шұғыл ден қою шаралары қолданылуы мүмкін;

45) жануарлар дүниесін орнықты пайдалану – жануарлар дүниесі объектілерін жануарлар дүниесінің түрлік сан алуандығының таусылуына әкеп соқпайтын және оның өсімін молайту мен қазіргі және келешек ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін сақтап қалатын тәсілдер арқылы пайдалану;

46) жануарлар дүниесін пайдалану – жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын және пайдалы қасиеттерін мекендеу ортасынан айырып немесе айырмай пайдалану;

47) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат – жеке және заңды тұлғаларға жануарлар дүниесін пайдалануға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің ұстап алынған объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде аңшылық және балық аулау олжаларын әкетуге және өткізуге құқық беретін, белгіленген нысандағы құжат;

48) жануарлар дүниесін пайдаланушылар – осы Заңға сәйкес жануарлар дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар;

49) жануарлар дүниесі үшін болмай қоймайтын зиян – жануарлар дүниесіне немесе оның мекендеу ортасына табиғи-климаттық және антропогендік әсер ету салдарынан пайда болатын факторлардың қолайсыз әсерінен келтірілген және (немесе) келтірілетін, алдын алу шараларымен болдырмау мүмкін емес қалдықты зиян;

50) жануарлар дүниесінің биологиялық сан алуандығы – жануарлар дүниесі объектілерінің бір түр шеңберіндегі, түрлер арасындағы сан алуандығы және экологиялық жүйелердің сан алуандығы;

51) жануарлар дүниесінің мекендеу ортасы – жануарлар дүниесінің объектілері табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін табиғи орта;

52) жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын қорғау – табиғи еркіндік жағдайында



жануарлар дүниесі объектілерінің орнықты тіршілік ету және өсімін молайту шарттарын сақтауға немесе қалпына келтіруге бағытталған қызмет;

53) жануарлар дүниесі объектісі – жануарлардың дара нұсқасы немесе популяциясы ;

54) жануарларды интродукциялау – жануарлар түрлері дара нұсқаларының ареалдардан (таралу аясынан) тысқары, бұл түрлер бұрын мекендемеген, олар үшін жаңа орындарға әдейі тарату немесе олардың кездейсоқ таралуы;

55) жануарларды реинтродукциялау – жануарлар түрлері дара нұсқаларын бұрынғы мекендеу орталарына әдейі ауыстыру;

56) жануарлар түрлерінің өсімін молайту – жануарлар түрлерінің табиғи жағдайларда табиғи көбеюі және оларды жасанды өсіру;

57) жерсіндіру – жануарлар дүниесі объектілерін олар бұрын мекендемеген немесе өз маңызын жоғалтқан мекендеу орындарындағы тіршілік ету жағдайларына бейімдеу;

58) жолдама – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарға және (немесе) балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне жануарлар дүниесі объектілерін ұстап алу мақсатында бару үшін жеке тұлғаға берілетін құжат (біржолғы немесе маусымдық) ;

59) зоологиялық коллекция – жануарлар дүниесі объектілері тұлыптарының, жұмыртқаларының, криоконсервіленген жыныс клеткаларының, препараттары мен бөліктерінің, оның ішінде зоопарктердің, зообақтардың, цирктердің, зоологиялық питомниктердің, аквариумдердің, океанариумдердің жабайы жануарлардың ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік және эстетикалық құндылығы бар жинағы;

60) ихтиофауна – қандай да бір су айдынындағы немесе оның бөлігіндегі балықтар және дөңгелекауыздылар түрлерінің жиынтығы;

61) кәсіпшілік қор – дербес кәсіпшілік маңызы бар популяция немесе уақыт жағынан орнықты, оның кеңістіктегі оқшауланған бөлігі;

62) кездейсоқ ауланым – рұқсаттарда көрсетілмеген балықтар мен басқа да су жануарлары түрлерінің дара нұсқалары және (немесе) белгіленген кәсіпшілік мөлшерден кішірек балық түсетін ауланымның бір бөлігі;

63) криоконсервіленген жыныс клеткалары – жануарлардың жыныс клеткаларының (гаметаларының), эмбриондары мен әртүрлі тіндерінің оларды одан әрі ұрпақ алу, геномдар бөліп шығару мақсатында немесе басқа да ғылыми зерттеулер үшін пайдалану мүмкіндігін беретін төмен температуралық жағдайда және өзге де консервациялау нысанында тұрған үлгілері;

64) қорықшы – бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асыратын қорықшылық қызметтің арнайы уәкілеттік берілген тұлғасы;

65) қорықшы куәлігі – қорықшының құқықтарын куәландыратын, белгіленген нысандағы құжат ;

66) қорықшылық қызмет – аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау функцияларын жүзеге асыратын қ ұ р ы л ы м д ы қ б ө л і м ш е с і ;

67) қыстау шұңқыры – қысқы кезеңде балықтардың су айдыны түбінің шұңқырларында жаппай жинақталатын орны;

68) өзен (теңіз, көл) бассейні – су айрықтарымен шектелген, олардан су өзенге (теңізге, көлге) ағып келетін жерүсті бетінің және топырақтың қалың қабатының бөлігі;

69) рекреациалық балық аулау аймағы – әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган белгіленген тәртіппен айқындайтын балық шаруашылығы су айдынының және (немесе) учаскесінің және оған іргелес жағалау б е л д е у і н і ң у ч а с к е с і ;

70) сервитут – аңшылық және балық шаруашылықтарының мұқтаждары үшін бөгде біреудің жер учаскесі мен су объектісін, оның ішінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін шектеулі түрде мақсатты п а й д а л а н у қ ұ қ ы ғ ы ;

71) су айдындарына балық жіберу – өз өсімін өзі молайтатын популяцияларды жасау, бағалы, сирек кездесетін және құрып бара жатқан балықтардың түрлерін сақтау және (немесе) тауарлық өнім алу мақсатында су айдындарына және (немесе) учаскелеріне балық өсіру материалы мен балықтарды жіберу;

72) су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау – су айдындарының балық өнімділігін сақтауға және арттыруға, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының мекендеу және көбею жағдайларын жақсартуға бағытталған і с - ш а р а л а р к е ш е н і ;

73) сүзу – жағалау аймағында, сол сияқты ашық су кеңістігінде де балық аулау мақсатында сүзетін аулау құралдарымен (жылымдармен) су айдындары акваториясының белгілі бір бөлігін сүзу жолымен жүзеге асырылатын кешенді процесс ;

74) тыныштық аймағы – жануарлар дүниесін сақтау немесе қалпына келтіру үшін ерекше маңызы бар, шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыру қызметі айқындайтын, оның шеңберінде (тұрақты немесе уақытша) шаруашылық қызметтің жекелеген түрлері мен нысандарына тыйым салынған немесе регламенттелген аумақ;

75) уәкілетті органның мамандандырылған ұйымдары (бұдан әрі – мамандандырылған ұйымдар) – жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ететін мемлекеттік мекемелер мен республикалық м е м л е к е т т і к к ә с і п о р ы н д а р ;

76) уылдырық шашу – балықтардың жетілген уылдырықты шашу процесі және о н ы ң к е й і н н е н ұ р ы қ т а н у ы ;

77) уылдырық шашатын орын – балықтардың уылдырық шашатын орны;

78) ұйық (ұйықтық учаске) – су айдынының және оған іргелес жағалау белдеуінің шектеулі су акваториясы бар, өзеннің және өзге де ағынды су айдынының кәсіпшілік балық аулау мұқтажына арналып, бейімделген учаскесі;

79) шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру – аңшылық алқаптарды бекітіп бергенге дейін жүргізілетін, аңшылық шаруашылықтарының шекаралары мен санаттарын белгілеу, алаңын есептеу, жануарлар дүниесі мен олар мекендейтін ортаның жай-күйін аяқындау;

80) шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыру – аңшылық алқаптарын түгендеу, сапасын бағалау, олардың табиғи және экономикалық жағдайларын зерттеу, жануарларды есепке алу, олардың негізінде аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспары әзірленетін биотехникалық және пайдалану іс-шараларын жобалау жөніндегі іс-шаралар кешені.»;

3) 6-баптың 3) тармақшасы «жануарлар дүниесінің» деген сөздердің алдынан «бекіре тұқымдас балықтарды табиғи мекендеу ортасынан алу, оларды сатып алу, өңдеу және олардың уылдырығын және мемлекеттік монополияға жатқызылған өнімнің басқа түрлерін экспорттау жөніндегі қызметті қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

4) 6 - 1 - б а п т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) мамандандырылған ұйымдар;»;

6) тармақша алып тасталсын;

8) тармақшадағы «субъектілері кіреді.» деген сөздер «субъектілері;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) аңшылардың және аңшылық шаруашылық субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары, сондай-ақ балықшылардың және балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері кіреді.»;

5) 8 - б а п т а :

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) Жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенция бойынша міндеттемелерді орындау үшін әкімшілік орган мен ғылыми ұйымды аяқындайды;»;

6-2) тармақша «түрлерін» деген сөзден кейін «, олардың бөліктерін немесе дериваттарын» деген сөздермен толықтырылсын;

6-3) тармақша «интродукциялау» деген сөзден кейін «, реинтродукциялау» деген сөзбен толықтырылсын;

7) және 7-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«7) жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиттерін бекітеді;

7-1) жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлу қағидасын бекітеді;»

12) тармақша алып тасталсын;

14-2) тармақшадағы «тәртібін айқындайды» деген сөздер «қағидасын бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

15-1) тармақша «интродукциялау» деген сөзден кейін «, реинтродукциялау» деген сөзбен толықтырылсын;

17-1) тармақша «түрлерін» деген сөзден кейін «, олардың бөліктерін және дериваттарын» деген сөздермен толықтырылсын;

17-2) тармақшадағы «жануарлар дүниесін» деген сөздер «жануарлар дүниесі объектілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақшадағы «жүргізудің тәртібін белгілейді» деген сөздер «жүргізу қағидасын бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 24-5), 24-6), 24-7), 24-8), 24-9), 24-10), 24-11), 24-12) және 24-13) тармақшалармен толықтырылсын:

«24-5) жануарларды еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау қағидасын бекітеді;

24-6) аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидасын бекітеді;

24-7) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың және жануарлар дүниесін қорғаумен айналысатын мамандандырылған ұйымдар инспекторларының арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік қаруды қолдану қағидасын бекітеді;

24-8) жануарларды интродукциялау және реинтродукциялау қағидасын бекітеді;

24-9) аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, сондай-ақ балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін аккредиттеу қағидасын бекітеді;

24-10) аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығының аңшылық минимумды өткізу қағидасын бекітеді;

24-11) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді дамыту үшін пайдалану қағидасын бекітеді;

24-12) әкімшілік органның құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру қағидасын бекітеді;

24-13) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін ерекше құнды объектілерге жатқызу, олардың шекараларын белгілеу қағидасын бекітеді;»;

б) 9 - баптың 1 тармағында:

4) және 6) тармақшалардағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақша «айқындаудың» деген сөзден кейін «, сондай-ақ балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген зиянның, оның ішінде шаруашылық қызметі нәтижесінде

болмай қоймайтын зиянды өтеу мөлшерін есептеу» деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастықтарының, сондай-ақ балықшылардың және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің қатысуымен, бекітілген лимиттер негізінде жануарлар дүниесін алу квоталарын бөледі;»;

12) тармақшадағы «айқындайды» деген сөз «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша алып тасталсын;

16) тармақшадағы «айқындайды» деген сөз «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақшадағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) тармақшадағы «белгілейді» деген сөз «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

23) және 24) тармақшалар алып тасталсын;

25) тармақшадағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«26) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;»;

27) тармақша «интродукциялау» деген сөзден кейін «, реинтродукциялау және будандастыру» деген сөздермен толықтырылсын;

29) және 33) тармақшалардағы «айқындайды» деген сөздер «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

34) тармақшадағы «ғылыми ұсынымдар негізінде» деген сөздер алып тасталсын;

35) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«35) жануарларды интродукциялау және реинтродукциялау қағидасын әзірлейді;»;

36) тармақшадағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

38) тармақша «интродукциялау» деген сөзден кейін «, реинтродукциялау және будандастыру» деген сөздермен толықтырылсын;

43) тармақшадағы «жануарлар дүниесін» деген сөздер «жануарлар дүниесі объектілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

44) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«44) аншлағтарының үлгілерін және аңшылық шаруашылықтар, өсімін молайту учаскелері мен тыныштық аймақтары, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің шекараларын, сондай-ақ аң аулау мен балық аулау үшін тыйым

салынған мерзімдер мен орындарды, балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулауды есепке алу журналының (кәсіпшілік журналдың) нысанын әзірлейді және бекітеді; » ;

47) тармақша «интродукциялау» деген сөзден кейін «, реинтродукциялау» деген сөзбен толықтырылсын ;

48) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«48) жерсіндіруге рұқсат береді;»;

мынадай мазмұндағы 51-1), 51-2), 51-3), 51-4), 51-5), 51-6), 51-7), 51-8), 51-9), 51-10), 51-11), 51-12), 51-13), 51-14), 51-15), 51-16), 51-17), 51-18), 51-19), 51-20), 51-21), 51-22), 51-23), 51-24), 51-25), 51-26), 51-27), 51-28), 51-29), 51-30), 51-31), 51-32), 51-33), 51-34), 51-35), 51-36), 51-37) және 51-38) тармақшалармен толықтырылсын:

«51-1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру қағидасын әзірлейді және бекітеді ;

51-2) қорықшының төс белгісінің және айыру белгісі бар арнайы киімінің нысанын әзірлейді және бекітеді ;

51-3) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағиданы әзірлейді және бекітеді;

51-4) Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыру жөніндегі қағиданы әзірлейді және бекітеді;

51-5) Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар түрлерін есепке алуды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

51-6) аңшылық минимумды әзірлейді және бекітеді;

51-7) аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастығының аңшылық минимумды жүргізу қағидасын әзірлейді ;

51-8) аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, сондай-ақ балықшылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін аккредиттеу ережесін әзірлейді , оларды аккредиттеуді жүргізеді ;

51-9) аңшы куәлігін беру жөніндегі есептіліктің нысанын белгілейді;

51-10) Жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II қосымшаларына түрлері енгізілген жануарларды жасанды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу қағидасын әзірлейді және бекітеді;

51-11) су қоймаларына балық жіберу, балықтардың жана түрлерін жерсіндіру, су объектілерін балық шаруашылық мелиорациялау жөніндегі жұмыстарды жүргізу қағидасын әзірлейді және бекітеді ;

51-12) Қазақстан Республикасының Үкіметіне сирек кездесетін және құрып кету

қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын алу жөніндегі ұ с ы н ы с т ы е н г і з е д і ;

51-13) жануарлар дүниесі объектілерін алу лимиттерін әзірлейді;

51-14) жануарлар дүниесі объектілерін алу квоталарын бөлу қағидасын әзірлейді;

51-15) халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді;

51-16) су қоймаларын халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға жатқызу қағидасын әзірлейді;

51-17) аңшылық, балық аулау қағидасын әзірлейді;

51-18) аңшылық шаруашылығын жүргізу қағидасын және балық шаруашылығын жүргізу қағидасын әзірлейді;

51-19) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерлерін әзірлейді;

51-20) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесін әзірлейді және оларды басқа санаттарға ауыстырады;

51-21) мемлекеттік монополия субъектісі болып табылатын мемлекеттік кәсіпорынның табиғи мекендеу ортасынан алынған бекіре тұқымдас балықтарды, олардың уылдырығын өткізу қағидасын әзірлейді;

51-22) жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидасын әзірлейді;

51-23) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге, сондай-ақ жаңадан жерсіндірілген жануарларды алуға рұқсаттар беру қағидасын әзірлейді;

51-24) жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережені әзірлейді;

51-25) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу қағидасын әзірлейді;

51-26) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізу қағидасын әзірлейді;

51-27) зоологиялық коллекцияларды жасау және мемлекеттік есепке алу қағидасын әзірлейді;

51-28) аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурсты өткізу қағидасын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

51-29) аңшылық пен балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың бағалы түрлерінің тізбесін әзірлейді;

51-30) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мен аумақтық бөлімшелерінің лауазымды тұлғаларының, ондай-ақ мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін тікелей қорғауды жүзеге асыратын, айыру белгілері

бар (погондарсыз) нысандық киімді киюге құқығы бар қызметкерлерінің тізбесін  
ә з і р л е й д і ;

51-31) жануарларды еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұстау қағидасын  
ә з і р л е й д і ;

51-32) шетелдіктермен әуесқойлық (спорттық) балық аулауды ұйымдастыруға  
арналған шарттарды жасасу қағидасын әзірлейді және бекітеді;

51-33) аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды және  
тіркеуді жүргізу қағидасын әзірлейді;

51-34) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар мен  
жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар инспекторларының  
арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану, сондай-ақ қорықшылардың қызметтік  
қаруды қолдану қағидасын әзірлейді;

51-35) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін акваөсіруді  
дамыту үшін пайдалану қағидасын әзірлейді;

51-36) әкімшілік органның құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың  
бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары  
жерлерге әкетуге рұқсаттар беру қағидасын әзірлейді;

51-37) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін ерекше  
құнды объектілер қатарына жатқызу, олардың шекараларын белгілеу қағидасын  
ә з і р л е й д і ;

51-38) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама нысанын әзірлейді және  
бекітеді;».

7) 10 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

3) тармақшадағы «тоғандарының» деген сөз «айдындарының және (немесе)  
учаскелерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша «бекітіп беру» деген сөздерден кейін «мен аңшылық және балық  
шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу» деген сөздермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5) тармақша алып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) жануарларға ауырып қалған, бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптар мен  
балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде олардың қырылу  
қаупі төнген жағдайда оларға көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;»  
;

8) 11 - б а п т а :

тақырыбының мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгеріссіз қалдырылсын;  
мәтініндегі «жануарлар дүниесі түрлерінің» деген сөздер «жануарлар түрлерінің»  
деген сөздермен ауыстырылсын;»;



9) 11-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бекіре тұқымдас балықтар кездейсоқ ауланған жағдайда тіршілік етуге қабілетті дара нұсқалары – табиғи мекендеу ортасына жіберілуге, ал тіршілік етуге қабілетсіз (өлі) дара нұсқалары өтеусіз негізде мемлекеттік монополия субъектісіне тапсырылуға тиіс.»»;

1 0 ) 1 2 - б а п т а :

2 - тармақтың 5) тармақшасында:

«жануарларды» деген сөз «жануарлар түрлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«оның ішінде» деген сөздерден кейін «бағалы» деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақтағы «мемлекеттік, салалық (секторлық) және өңірлік бағдарламаларын» деген сөздер «бағдарламалық құжаттарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 ) 1 3 - б а п т а :

3) тармақша «жануарлардың» деген сөзден кейін «бағалы» деген сөзбен толықтырылсын;

8) тармақшадағы «жануарларды» деген сөз «жануарлар түрлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 ) 1 4 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасы «алу» деген сөздің алдынан «жануарлар дүниесі объектілерін» деген сөздермен толықтырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

2) тармақшадағы «органның келісімі бойынша» деген сөздер «органның келісімінсіз» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшадағы «, олардың жұмыртқаларын» деген сөздер «және олардың дериваттарын» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақша «мерзімнен тыс» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ тыныштық аймақтарында» деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) жануарлар дүниесі объектілерін жарылғыш құрылғыларды, химиялық және улы заттарды қолдана отырып (дала кеміргіштерін (саршұнақтарды, сұр егеуқұйрықтарды, атжалмандарды) құрту кезінде, сондай-ақ жануарлардың жаппай құтыру індеті және басқа аурулары болған жағдайларда уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша улы химикаттарды қолдануды қоспағанда) аулауға;»;

11) тармақша «интродукциялау» деген сөзден кейін «, реинтродукциялау» деген сөзбен толықтырылсын;

13) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«15-бап. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау

1. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізіледі.

2. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғауды мемлекет жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалар жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

3. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, оның ішінде олардың дериваттарын алуға айрықша жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша:

1) арнайы жасалған жағдайларда өсіру және кейіннен мекендеу ортасына жіберу;

2) аңшылықтың ұлттық түрлерін дамыту;

3) ғылыми зерттеулер;

4) селекциялау үшін жол беріледі.

4. Мыналарға:

1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің қырылуына;

2) осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері санының азаюына немесе мекендеу ортасын бұзуға әкеп соғатын іс-әрекеттерге жол берілмейді.

5. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын бағып-қағу, тасымалдау, сату, сатуға қою және сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.»;

14) 17-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Шаруашылық және осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер:

1) уәкілетті органмен келісім бойынша техникалық-экономикалық негіздеме мен жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде осы Заңның 12-бабы 2-тармағының 2) және 5) тармақшалары талаптарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға арналған қаражатты көздеуге;

2) уәкілетті орган бекіткен әдістемеге сәйкес, балық ресурстарына келтірілетін және келтірілген, оның ішінде болмай қоймайтын зиянды өтеудің орнын толтыруға міндетті.»;

15) мынадай мазмұндағы 18-1-баппен толықтырылсын:

«18-1-бап. Балық шаруашылығының ерекше құнды су айдындары және (немесе) учаскелері

1. Балық шаруашылығы үшін ерекше құнды маңызы бар, оларда шаруашылық және өзге де қызметтің реттелетін режимі белгіленетін су объектілері немесе олардың бөліктері, іргелес жағалау аумағымен шектеулі акваториялар (серуендеу орындары, қыстау шұңқырлары, уылдырық шашатын және жануарлар түрлерінің табиғи

жағдайларда табиғи жолмен көбею орындары) балық шаруашылығының ерекше құнды су айдындары және (немесе) учаскелері болып табылады.

2. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін ерекше құндыларға жатқызу, олардың шекараларын белгілеу қағидасын Қазақстан Республикасының Үкіметі биологиялық сан алуандық негізінде бекітеді.»;

1 6 ) 1 9 - б а п т а :

тақырыбындағы «Жануарлар дүниесі объектілерін» деген сөздер «Жануарлар түрлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «Жануарлар дүниесі объектілерін» деген сөздер «Жануарлар түрлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жануарлар түрлерін, оның ішінде бағалы, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін сақтау және санын арттыру;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру;»;

4) тармақшадағы «жануарлар дүниесі объектілерін» деген сөздер «жануарлар түрлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Жануарлардың бағалы, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін сақтау және олардың санын көбейту мақсатында оларды кейіннен мекендеу ортасына шығара отырып, жасанды түрде өсіру бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздердің есебінен жүзеге асырылады.»;

3-1-тармақтағы «сондай-ақ сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған,» деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтағы «Жануарлар дүниесі объектілерін» деген сөздер «Жануарлар түрлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 7 ) 2 0 - б а п т а :

тақырыбындағы «Жануарларды интродукциялау мен будандастыру» деген сөздер «Жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы «жануарларды интродукциялау мен будандастыруға» деген сөздер «жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау мен будандастыруға» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

«интродукциялау» деген сөзден кейін «, реинтродукциялау» деген сөзбен толықтырылсын;

«будандастыруға» деген сөзден кейін «, оларды Қазақстан Республикасының

аумағына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге» деген сөздермен толықтырылсын;

18) 20-1-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«20-1-бап. Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын  
ж е р с і н д і р у

1. Балықтарды және басқа да су жануарларын жерсіндіру мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған биологиялық негіздеменің негізінде берілген уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі.»;

1 9 ) 2 2 - б а п т а :

1-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алу және оның кадастры, шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттау мақсатында жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Жануарлар дүниесін ғылыми-зерттеу мақсаттарда пайдалану жылдың кез-келген уақытында және уәкілетті орган жануарлар дүниесін пайдалануға берген рұқсаттар негізінде рұқсат етілген аң аулау құралдарымен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми-зерттеулер үшін алып қою квотасын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиті шегіндегі ғылыми-зерттеулер бағдарламаларына сәйкес бекітеді.»;

20) 23-баптың 2-тармағындағы «заңдарының» және 5-тармағындағы «заңдары», «заңдарының» деген сөздер тиісінше «заңнамасының», «заңнамасы», «заңнамасының» деген сөздермен ауыстырылып, 5-тармағындағы «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» деген сөздер «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласы» деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 24-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) жануарлар түрлерінің өсімін молайту мақсаттарында пайдалану.»;

22) 25-баптың 2-тармағының екінші бөлігінде:

«негізінде» деген сөзден кейін «құрамына уәкілетті органның, облыстың жергілікті атқарушы органының, ғылыми ұйымдардың және аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарының, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері енгізілетін» деген сөздермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«биологиялық-экономикалық тексерудің» деген сөздер «шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастырудың және балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттаудың» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-2-тармақтың төртінші абзацындағы «бас тартылуы мүмкін» деген сөздер «бас тартылады» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 1-3-тармақпен толықтырылсын:

«1-3. Аулаған жері туралы анықтаманы балықтардың және басқа да су жануарларының ауланған жері бойынша өтініш беруші жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алуға ұсыным жасаған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері өтініш түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде береді.

Жасанды жағдайларда өсірілген балықтар мен басқа да су жануарлары үшін аулаған жері туралы анықтама жасанды өсірілгендігін растайтын құжаттар ұсынған кезде беріледі.

Аулаған жері туралы анықтама жазуға жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюдың белгіленген лимиті және жасанды өсірумен айналысатын ұйымның жобалық қуаты шегінде рұқсат етіледі.»;

1 - тармақта :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ауланған жануарлар дүниесі объектілерін, оның ішінде аң аулау және балық аулау олжаларын және бұл ретте алынған өнімді меншіктенуге, сондай-ақ оларды тасымалдауға және сатуға;»;

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшадағы «жасасуға құқығы бар.» деген сөздер «жасасуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) белгіленген сервитутқа сәйкес аңшылық және балық шаруашылықтарының мұқтаждарына арналған уақытша құрылыстар салуға;

7) аң-құсты өсіруді жүзеге асыруға құқығы бар.»;

2 - тармақта :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) жануарлар дүниесінің пайдаланылған объектілерінің санын жыл сайын есепке алуды жүргізуге және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен есептілікті табыс етуге;»;

8) тармақша «және олардың санының азаюына жол бермеуге» деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) шаруашылықішілік аңшылықты ұйымдастыруға және балық шаруашылығын ұйымдастыруға сәйкес жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шараларды жүргізуге;»;

11) тармақшаның төртінші абзацындағы «аулауды – жеке адамдарға сервитут беруге;» деген сөздер «балық аулауды – жеке адамдарға;» деген сөздермен

ауыстырылып, мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«эуесқойлық (спорттық) аң аулауды – жеке адамдарға сервитут беруге;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) аңшлагтар орнатуға;»;

17) тармақшадағы «алуға міндетті.» деген сөздер «алуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 18), 19), 20) және 21) тармақшалармен толықтырылсын:

«18) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормаларға және қағидаларға сәйкес қорықшыларды қызметтік қару-жарақпен, көлік, байланыс құралдарымен, айырым белгілері бар арнайы киіммен, қорықшының төс белгісімен, қорықшының куәлігімен қамтамасыз етуге;

19) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;

20) жеке адамдарға олардың ауызша және жазбаша өтініштері бойынша эуесқойлық (спорттық) аң аулауға және эуесқойлық (спорттық) балық аулауға жолдама беруге;

21) аңшылық шаруашылығының ішкі регламентін бекітуге міндетті.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;»;

25) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«29-бап. Жануарлар дүниесін пайдалану үшін лимиттер мен квоталар

1. Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиті - жануарлар дүниесі объектілерін олардың табиғи өсімі мен саны сақталатын жағдайда алып қоюдың жол берілетін шекті көлемі.

Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиті олардың өткен жылдағы санының есеп материалдары, жануарлар дүниесі объектілерінің және олар мекендейтін ортаның мониторингі, ғылыми зерттеулер негізінде дайындалған биологиялық негіздемеге сәйкес белгіленеді және оны мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Бірнеше мемлекеттердің аумақтары бойымен өріс аударатын немесе мемлекетаралық маңызы бар су айдындарын мекендейтін жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиті халықаралық шарттардың негізінде, ал олар болмаған жағдайда - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады.

Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимиті ағымдағы жылдың 15 ақпанынан бастап келесі жылдың 15 ақпанына дейінгі кезеңге белгіленеді.

2. Жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квотасы – уәкілетті орган аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілері үшін аңшылар мен аңшылық шаруашылығының субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығының

субъектілері қоғамдық бірлестіктерін қатыстыра отырып белгілеген жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимитінің бөлігі.

Балықтың жаппай қырылуына қарсы іс-шара ретінде жүзеге асырылатын мелиорациялық аулау жолымен алып қойылған балықтың көлемі, балық аулаудың жалпы лимитіне кірмейді.»;

26) 32 - бапта :

1-тармақтың екінші бөлігі «қыран құстары» деген сөздер «аушы жыртқыш құстары» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасы «аң аулау» деген сөздерден кейін «, оның ішінде ұлттық аң аулау» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ұлттық аң аулау - аушы жыртқыш құстар мен аңшылық иттердің ұлттық тұқымдарын пайдалана отырып, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін аулау.»;

27) 33 - бапта :

1-тармақтың 2) тармақшасындағы «иттер мен қыран» деген сөздер «аңшылық иттер мен аушы жыртқыш» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - тармақта :

«рұқсат алуының» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ ішкі істер органдарынан аңшылық атыс қаруын және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсатының» деген сөздермен толықтырылсын;

28) мынадай мазмұндағы 33-1-баппен толықтырылсын:

«33-1-бап. Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері

1. Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктері жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың мүддесін қорғау үшін құрылады.

2. Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктері коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктері өздерінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы.

Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен тіркеуге жатады. Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін тіркеуді уәкілетті орган олардың берген өтініштері мен олардың жеке қаражаты е с е б і н е н ж ү р г і з е д і .

Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

3. Аңшылар және аңшылық шаруашылығының субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы:

1) аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің аңшылық шаруашылығын, аңшылық ит өсіруді, аң-құстарды өсіруді дамыту жөніндегі қызметін үйлестіруді;

2) аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің мүддесін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік емес және халықаралық ұйымдарда білдіруді;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды дайындауға қатысуды;

4) жануарлар дүниесі объектілерінің мониторингіне және есебін алуға қатысуды;

5) жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлуге қатысуды;

6) аң аулауда пайдаланылатын аушы жыртқыш құстардың есебін және тіркеуін жүргізуді;

7) өз филиалдары мен өкілдіктері арқылы аңшы куәліктерін беруді, уәкілетті органға белгіленген нысан бойынша берілген аңшы куәліктері туралы есептілікті ұсынуды;

8) аңшылық минимумына оқыту жүргізуді;

9) аңшылық шаруашылығының субъектілері ұсынатын жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы деректердің есебін жүргізуді және оларды уәкілетті органға беруді;

10) жануарлар дүниесінің өсімін молайтуды ұйымдастыруды;

11) аңшылық алқаптарды бекітіп беру жөніндегі конкурстық комиссияларға қатысуды;

12) шетелдіктермен Қазақстан Республикасының аумағында аң аулауды ұйымдастыру шарттарын жасасуды;

13) аушы жыртқыш құстар мен аңшылық иттерді пайдалана отырып, аң аулаудың



ұлттық түрлерін дамытуды ұйымдастыруды;

14) Жарғыда көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асырады.

Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы берген аңшылық минимумын тапсырғаны туралы құжат аңшы куәлігін беруге негіз болып табылады.

4. Балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы мынадай қызмет түрлерін:

1) балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің балық шаруашылығын, акваөсіруді, жануарлар түрлерінің өсімін молайтуды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды дамыту жөніндегі қызметін ү й л е с т і р у д і ;

2) балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің мүддесін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік емес және халықаралық ұйымдарда білдіруді;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды дайындауға қатысуды;

4) жануарлар дүниесі объектілерінің мониторингіне және есебін алуға қатысуды;

5) жануарлар дүниесі объектілерін алып қою квоталарын бөлуге қатысуды;

6) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурстық комиссияларға қатысуы;

7) балық шаруашылығын дамытуға бөлінетін субсидияларды бөлуге қатысуы;

8) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде балық ресурстары және басқа да су жануарларының жаппай ауыруы, олардың қырылу қаупі, балықтардың қырылу қаупі жағдайларында, сондай-ақ жас балықтарды құтқаруды ұйымдастыруға көмектесуге қ а т ы с у д ы ;

9) шетелдіктермен әуесқойлық (спорттық) балық аулауды ұйымдастыру шарттарын ж а с а с у д ы ;

10) Жарғыда көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асырады.»;

29) 34-баптың 4-тармағының екінші және үшінші бөліктері алып тасталсын;

30) 37-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

3 1 ) 3 8 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

«және тиісті сервитуттар белгілеу» деген сөздер «, тиісті сервитуттар мен аңшылық шаруашылығының санаттарын белгілеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

«мен биологиялық-экономикалық зерттеу» деген сөздер алып тасталсын;

5 - т а р м а қ т а :

3) тармақшасындағы «иттерді және қыран» деген сөздер «аушы жыртқыш» деген

с о з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

11) тармақшасындағы «жағдайларында аң аулауға тыйым салынады.» деген сөздер «жағдайларында;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28), 29), 30) және 31) тармақшалармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«12) егін орағы аяқталғанға дейін ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жерлерде;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғатты пайдаланудың жекелеген түрлеріне жол берілетін аумақты қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;

14) өзен құндызына, кәмшатқа, күзенге, ондатраға атыс қаруын қолданып;

15) аңшылық иттерді құтқару үшін індерді қазуды қоспағанда, жануарлардың тұрағын бұзып және зақымдап;

16) өзен құндызы тұрғызған бөгетті бұзып;

17) пневматикалық, лақтыратын қаруды қолданып (жануарлар дүниесі объектілерін қозғалтпауға және егуге байланысты ғылыми-зерттеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін садақтар мен арбалеттерді пайдаланудан басқа);

18) сауыт бұзатын, өртегіш немесе жарғыш қуаты, ауыртпалық орталығы ауыстырылған оқтары бар патрондарды қолданып;

19) тегіс ұңғылы аңшылық мылтығына қолдан жасалған ойық жиналмалы (қосалқыларды) ұңғыны қолданып;

20) бос жерлерді, су бетіндегі өсімдіктерді жағумен, басқа да өсімдіктерді түбірімен қопарып және жойып;

21) өздігінен атылатын қаруларды, қысқыштарды, қаусырмаларды, қапсырмаларды, кескіштерді қолданып; тұзақтар құрып, аулау орларын қазып; адам байқамайтын айқындаушы белгілерінсіз ірі қақпандарды, шатырларды, бастырмаларды, ілмектерді, найзаларды, құс желімін орнату жолымен, түтін салып, жылтыр мұзға, қатқыл мұзға, терең қарға және топырағы жабысқақ сортаңға, шабылған қамысқа айдап шығарып, қоңыр аюды, тұяқты жануарларды және құстарды аулау кезінде қақпанды қолданып, қоршауға алып, тағамен аулап;

22) торларды қолданып; су құю арқылы іннен шығарып (уәкілетті органмен келісім бойынша жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау, будандастыру немесе еріксіз ұстау үшін оларды аулауды қоспағанда);

23) жарылғыш құрылғыларды, химиялық және улы заттарды қолданып, уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша тышқан тектес кеміргіштерді (саршұнақтарды, сұр егеу құйрықтарды, аламандарды) жойған кезде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа аурулары жағдайында улы химикаттарды қолдануды қоспағанда;

24) жануарлардың рұқсатта көрсетілген санынан тыс;

25) рұқсатта көрсетілмеген басқа жануарлар түрлерін;

26) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасынсыз;  
27) аулап алу объектісі болып табылатын жануарлар түрлеріне, басқа елдерден әкелінген жыртқыш қыран құстарды пайдалана отырып;  
28) еркекүйрекке көктемгі аң аулау кезінде еліктіруші үйрексіз немесе тұлыпсыз;  
29) тұяқты жануарларды және қоңыр аюды аулау кезінде қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың еріп жүруінсіз;  
30) әуесқойлық (спорттық) мақсатта суырға калибрі бес бүтін оннан алты миллиметрлік бүйірден (сақиналы) тұтандырғыш патронды ойықты қару қолданып;  
31) тыныштық сақтау аймақтарында және өсімін молайту учаскелерінде аң аулауға тыйым салынады.»;

3 2 ) 3 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері - балық ресурстарын және басқа да су жануарларын аулау, өсіру және көбейту үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін не олардың қорларының өсімін молайту үшін маңызы бар су айдындары не олардың бөліктері (өзендер және оларға теңестірілген каналдар, көлдер, сулы-батпақты алқаптар, су қоймалары, тоғандар және басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), сондай-ақ теңіз сулары.

Заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құрамына кіретін су айдындарында балық аулау «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.»;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «су тоғандарында» деген сөздер «су айдындарында және (немесе) учаскелерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы «жүруіне тыйым салынады.» деген сөздер «жүруіне;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) санитариялық күзет аймақтары мен акваториялар шегінде жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатсыз және балық аулау қағидаларында көзделген құжаттарды ресімдеусіз жеке және заңды тұлғалардың балық ресурстарын және басқа да су жануарларын сатып алуына және өткізуіне тыйым салынады.»;

5 - т а р м а қ т а :

9) тармақшадағы «уәкілетті органның рұқсатынсыз балық аулаудың жаңа түрлері мен тәсілдерін қолданумен, сондай-ақ» деген сөздер алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) жарылғыш құрылғыларды, химиялық және улы заттарды, сондай-ақ атыс қаруын пайдаланумен;»;

3 3 ) 4 0 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші бөлігіндегі «және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың» деген сөздер «, ғылыми ұйымдардың және аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлігінде:

«шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру мен паспорттау, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын биологиялық-экономикалық тексеру» деген сөздер «бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру мен паспорттау» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Пайдаланушы аңшылық алқаптарын бекітіп беруге конкурсқа қатысқан кезде қабылдаған міндеттемелер аңшылық және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың міндетті талаптары болып табылады.»;

бесінші бөлігі «сәйкес келген» деген сөздерден кейін «, шарттық міндеттемелерді орындаған» деген сөздермен толықтырылып, «және уәкілетті органның ұсынымынсыз» деген сөздер «, уәкілетті органның ұсынуы бойынша» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Бұрын ұйымдастырылған аңшылық және балық шаруашылықтары шекараларындағы аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері алдыңғы шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастырудың және балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерін паспорттаудың материалдары негізінде қайта бекітіліп беріледі.»;

34) 43-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«43-бап. Мамандандырылған ұйымдар

Қазақстан Республикасының Үкіметі жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды жүзеге асыру үшін мамандандырылған ұйымдар құрады.»;

35) мынадай мазмұндағы 43-1-баппен толықтырылсын:

«43-1-бап. Жануарлар түрлерінің өсімін молайту

Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда, жануарлар түрлерінің өсімін молайтуды мамандандырылған ұйымдар, сондай-ақ биологиялық негіздеме, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және уәкілетті органның рұқсаты негізінде жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.»;

36) 8-тараудың тақырыбы «Жануарлар» деген сөзден кейін «түрлерінің» деген сөзбен толықтырылсын;

37) 44-баптың тақырыбындағы «Жануарлар» деген сөзден кейін «түрлерінің» деген сөзбен толықтырылсын және бірінші абзацындағы «Жануарлардың» деген сөз «Жануарлар түрлерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

38) 45-баптың тақырыбы мен бірінші абзацындағы «Жануарлар дүниесі объектілерінің» деген сөздер «Жануарлар дүниесі түрлерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

39) 46-баптың тақырыбы мен мәтініндегі «Жануарлардың» деген сөз «Жануарлар түрлерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

40) 50-баптың 2) тармақшасындағы «жануарлар дүниесі объектілерін» деген сөздер «жануарлар түрлерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 1 ) 5 2 - б а п т а :  
1 - т а р м а қ т а :

7-2) тармақшадағы «балық» деген сөздің алдынан «аңшылық алқаптары мен» деген сөздермен толықтырылсын;

11) тармақшадағы «қызметтік атыс қаруын» деген сөздер «қызметтік қаруды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 7) тармақшадағы «интродукциялауды» деген сөзден кейін «, реинтродукциялауды» деген сөзбен толықтырылсын;

42) 53-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацындағы «қызметке» деген сөз «шаруашылық қызметке» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 3 ) 5 5 - б а п т а :

1-тармақтағы «мемлекеттік мекемелердің» деген сөздер «мамандандырылған ұйымдардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың б) тармақшасындағы «атыс қаруын» деген сөздер «қызметтік қару» деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 56-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 . Қ о р ы қ ш ы н ы ң :

1) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес кейіннен оларды жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға, уәкілетті органға не сотқа міндетті түрде беру үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыруға;

2) қызметтік қаруды алып жүруге және айырым белгілері бар арнаулы киім киюге;

3) жеке және заңды тұлғалардың аң аулауға және балық аулауға құқық беретін құжаттарын тексеруге;

4) аң аулау қағидаларын бұзғаны үшін атыс қаруын кейіннен ішкі істер органдарына міндетті түрде беру үшін алып қоюға;

5) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған аулау құралдарын, заңсыз аулап алынған аң аулау және балық аулау өнімдерін, тыйым салынған аулауға

арналған қару түрлерін кейіннен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға беру үшін алып қоюға құқығы бар.

3. Қ о р ы қ ш ы :

1) бекітіліп берілген аңшылық алқаптарында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды қамтамасыз е т у г е ;

2) аң аулау және балық аулау қағидаларын, аңшылық шаруашылығының ішкі регламентін, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, сондай-ақ тыныштық аймақтарында жануарлар дүниесін пайдалануға қойылған шектеулер мен тыйым салуларды б ұ з у ш ы л ы қ т а р д ы ң ж о л ы н к е с у г е ;

3) жеке және заңды тұлғалардан жануарлардың қырылуына және олар мекендеу ортасының бұзылуына әкеп соқтыратын әрекеттерді тоқтатуды талап етуге;

4) жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын, олардың көбею жағдайларын және шоғырлану орындарын сақтау жөнінде шаралар қолдануға;

5) жануарлар дүниесіне ұқыпты және ізгілікті қарау насихатын жүргізуге;

6) жануарлар ауырған және дүлей зілзала кезінде қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарлар дүниесі объектілеріне көмек көрсету жөнінде шаралар қолдануға;

7) аншлағтардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.».

10. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 96-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 13, 114-құжат):

1) б ү к і л м ә т і н б о й ы н ш а :

«облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың өкілді органдары», «облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың атқарушы органдары», «облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдарының», «Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) өкілді және атқарушы органдарының», «Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) өкілді органдары», «облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) өкілді органдары», «облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары», «облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдары» және «облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органы» деген сөздер тиісінше «облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өкілді органдары», «облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органдары», «облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының», «Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының», «Облыстардың, республикалық

маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдары», «облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың», «Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары», «облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары» және «облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жануарлар мен өсімдіктердің» және «жануарлар мен өсімдіктер» деген сөздер тиісінше «өсімдіктер мен жануарлардың» және «өсімдіктер мен жануарлар» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) биологиялық ресурстар – экологиялық жүйелердің адамзат үшін нақты немесе ықтимал пайдасы немесе құндылығы бар генетикалық ресурстары, организмдері немесе олардың бөліктері, таралымдары немесе кез-келген басқа биотикалық құрамдас б ө л і к т е р і ;

2) бөрене тілу – ағаш кесетін жабдықта бөренені тақтайларға және (немесе) басқа да а ғ а ш ө н і м д е р і н е т і л у ;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақ – ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер учаскелері, су объектілері және олардың үстіндегі әуе кеңістігі;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі – өздеріндегі барлық географиялық аймақтардың табиғи кешендерінің репрезентативтік өкілдігін қамтамасыз ететін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әртүрлі санаттары мен түрлерінің жиынтығы;

5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету (бұдан әрі - күзету) – ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды анықтау және олардың жолын кесу, өрттің алдын алу, анықтау және жою үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақта жүргізілуі мүмкін іс-шаралар кешені;

6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау (бұдан әрі - қорғау) – судың қолайсыз әсерін жою, өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау, жануарлар санын реттеу үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақта жүргізілуі мүмкін іс-шаралар к е ш е н і ;

7) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылау – ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның тексерілетін субъектілер қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі мәніне тексеру және қадағалау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша жедел ден қоюсыз құқық шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік қадағалау –

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның тексерілетін субъектілердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және қадағалау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша құқық шектеу, оның ішінде жедел ден қою сипатындағы шаралар қ о л д а н ы л у ы м ү м к і н ;

9) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару, бақылау және қадағалау, күзету және қорғау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

10) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың функционалдық аймағы – жер қорғаудың және пайдаланудың белгіленген режимі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ учаскесі;

11) ерекше қорғалатын табиғи аумақты функционалдық аймақтарға бөлу – мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау мен пайдаланудың оңтайлы режимін белгілеу мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақты функционалдық а й м а қ т а р ғ а б ө л у ;

12) жаратылыстану-ғылыми негіздеме – мамандандырылған ғылыми (ғылыми-зерттеу) және жобалау (жобалау-іздістіру) ұйымдары жүргізетін ерекше қорғалатын табиғи аумақ құрудың немесе оның шекараларын өзгертудің орындылығын ғ ы л ы м и б а ғ а л а у ;

13) интродукция – өсімдіктер мен жануарлардың жаңа түрлерін олар мекендейтін орта шегінен тыс жерлерге әдейі көшіру немесе кездейсоқ көшіру;

14) мемлекеттік табиғи-қорық қоры – табиғи эталондар, уникалдар мен реликтер, генетикалық резерв, ғылыми зерттеулер, ағарту, білім беру, туризм және рекреация нысанасы ретінде ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар, мемлекеттік қорғауға алынған қоршаған ортаны қорғау объектілерінің ж и ы н т ы ғ ы ;

15) мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері – ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы бар геологиялық, гидрогеологиялық, гидрологиялық, зоологиялық, ботаникалық және ландшафттық объектілер мен олардың кешендері, мемлекеттік орман қорының ерекше бағалы екпелері, сулы-батпақты алқаптар, негізгі орнитологиялық аумақтар, бірегей табиғи су объектілері немесе олардың учаскелері, өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлері, өсімдіктер дүниесінің бірегей жеке-дара объектілері;

16) рекреациялық жүктеме – есепке алу кезеңінде немесе уақыт бірлігінде демалыс түрінің жиынтық уақытын ескере отырып, жер ауданы бірлігіне шаққандағы демалушылардың бір мезгілдегі саны;

17) Табиғат жылнамасы – мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар және мемлекеттік өңірлік табиғи парктер ғылыми бөлімшелерінің мемлекеттік табиғи-қорық қорының экологиялық жүйелері мен объектілерінің жай-күйіне бірыңғай әдістеме бойынша жүзеге асыратын жүйелі



байқаулар мәліметтерінің жиынтығы;

18) табиғи кешендер – ерекше қорғауға жататын биологиялық саналуандық пен жансыз табиғат объектілерінің жиынтығы;

19) табиғи кешендерді орнықты пайдалану – табиғи кешендердің биологиялық ресурстарын ұзақ мерзімді перспективада биологиялық саналуандықтың сарқылуына әкеп соқпайтын жолмен және қарқынмен пайдалану;

20) табиғат қорғау ұйымдары – мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік өңірлік табиғи парктер (бұдан әрі - табиғат қорғау мекемелері) және мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын мемлекеттік зоологиялық парктер, мемлекеттік ботаникалық бақтар, мемлекеттік дендрологиялық парктер;

21) техникалық-экономикалық негіздеме – мамандандырылған ғылыми (ғылыми-зерттеу) және жобалау (жобалау-іздістіру) ұйымдары жүргізетін ерекше қорғалатын табиғи аумақ құрудың немесе оның шекараларын өзгертудің орындылығын экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағалау;

22) экологиялық дәліз – тірі табиғат объектілерінің табиғи қоныс аударуын (таралуын) қамтамасыз ету және биологиялық саналуандықты сақтау үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды өзара және қорғалатын табиғи аумақтардың өзге де түрлерімен жалғастыратын, қорғалатын жер және су объектілері учаскелерін білдіретін экологиялық желінің бір бөлігі;

23) экологиялық желі – өзара және қорғалатын табиғи аумақтардың өзге түрлерімен экологиялық дәліздер арқылы байланысқан және өңірдің табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған әртүрлі санаттар мен түрлердегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар кешені.»;

3) 3-баптың 2) тармақшасындағы «мен бақылау» деген сөздер «, бақылау және қадағалау» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-тараудың тақырыбындағы «және бақылау» деген сөздер «, бақылау және қадағалау» деген сөздермен ауыстырылсын;

5 ) 6 - б а п т а :

2) тармақша «уәкілетті» деген сөздің алдынан «аумақтық бөлімшелері бар ведомствосын қоса алғанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

4) және 5) тармақшалардағы «заңнамалық» деген сөз «заңдарымен» деген сөзбен ауыстырылсын;

6 ) 7 - б а п т а :

бірінші абзацындағы «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін

алып қоюға шешім қабылдау;»;

4) тармақшада:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру және туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктер учаскелерін құрылыс объектілерін салуға пайдалануға рұқсат беру қағидаларын;»

жетінші абзац алып тасталсын;

оныншы абзац «республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік» деген сөздер «республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен республикалық маңызы бар мемлекеттік» деген сөздермен, «тәртібін бекіту» деген сөздер «тәртібін;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он бірінші, он екінші және он үшінші абзацтармен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізу қағидаларын;

осы Заңның 43-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда жергілікті халықтың мұқтаждары үшін рұқсат етілген әуесқойлық (спорттық) балық аулау қағидаларын;

өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту;»;

5) тармақшадағы «сатып алу арқылы» деген сөздер «мемлекет мұқтажы үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-2) тармақшадағы «республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен мемлекеттік» деген сөздер «республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар мен республикалық маңызы бар мемлекеттік» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-3) тармақшамен толықтырылсын:

«6-3) өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерін алып қою туралы шешім қабылдау;»;

7) 8 - бапта:

тақырып «Уәкілетті органның» деген сөздерден кейін «және оның аумақтық бөлімшелерінің» деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақшадағы «үйлестіру» деген сөз «салааралық үйлестіру» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша «тізбесін» деген сөзден кейін «әзірлеу және» деген сөздермен толықтырылсын;

4-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1) республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарды және республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтарын тарату тәртібін әзірлеу және олардың аумақтарын кішірейту жөнінде ұсыныстар енгізу;»;

мынадай мазмұндағы 5-1), 5-2) және 5-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді келісу;

5-2) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарды таратуды және олардың аумағын кішірейтуді келісу;

5-3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктердің санатына жатқызылған түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар беру;»;

б) тармақшада:  
үшінші абзацта:

«құрудың немесе кеңейтудің» деген сөздер «құру және кеңейту жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын;

«әзірлеу» деген сөзден кейін «, сондай-ақ техникалық-экономикалық негіздемені түзету» деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші және бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді;

республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың техникалық-экономикалық негіздемелерін түзету жобаларын;»;

алтыншы және жетінші абзацтар алып тасталсын;

сегізінші абзацта «мекемесінің рәміздерін» деген сөздерден кейін «(эмблемасы мен туын)» деген сөздермен толықтырылсын;

тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші абзацтар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы он үшінші және он төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«өзінің карауындағы табиғат қорғау мекемелерінің ережелерін; заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына кіретін су объектілерінде балық аулау көлемдерін бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) мыналарды:

республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын;

табиғат қорғау ұйымын басқару жоспарын әзірлеу қағидаларын;

жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу қағидаларын;

осы Заңның 43-1-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда жүзеге асырылатын балықтың қырылуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында көтермелеу қағидаларын және

құрметті атақтар, төс белгілерін және құрмет грамоталарын беру тәртібін;  
өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктердің санатына жатқызылған түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар беру тәртібін;

табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын;  
ведомствоаралық ботаникалық және зоологиялық комиссиялардың құрамын және ережесін әзірлеу және бекіту;»;

9) тармақшада:

«негіздемелердің» деген сөз «негіздемелер жобаларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«аумақтарды» деген сөзден кейін «, экологиялық дәліздерді» деген сөздермен, «ұйымдастыру» деген сөзден кейін «және бекіту» деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақшадағы «ғылыми-зерттеу жұмыстарын» деген сөздер «ғылыми қызметті» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1), 14-2) және 14-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметтерді жүзеге асыру мен мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің туристік және рекреациялық қызметтерді жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген учаскелерін құрылыс объектілерін салуға пайдалануға рұқсат беру қағидаларын әзірлеу;

14-2) өздеріне туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелерін құрылыс объектілерін салуға пайдалануға жеке және заңды тұлғаларға рұқсат беру;

14-3) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда биологиялық негіздеме негізінде заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеулік аулауды, молайту мақсатындағы аулауды жүзеге асыруға рұқсат беру;»;

15) тармақша «бақылауды» деген сөзден кейін «және қадағалауды» деген сөздермен толықтырылсын;

16) тармақша «нысандық киім» деген сөздердің алдынан «айырым белгілері бар» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-1), 16-2), 16-3), 16-4), 16-5), 16-6), 16-7) және 16-8) тармақшалармен толықтырылсын:

«16-1) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін әзірлеу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізу;

16-2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін әзірлеу;

16-3) республикалық маңызы бар табиғаттың мемлекеттік ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимі түрін бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

16-4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың биоалуандылығын сақтауға және дамытуға гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар мен қорлар тізбесін бекіту жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

16-5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын келісу;

16-6) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлерін қордағы жерлерге ауыстыру тәртібін әзірлеу;

16-7) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалды аймақтандыруды түзету жобаларын келісу;

16-8) сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің тізбесін әзірлеу;»;

17) тармақша «Қазақстан Республикасының» деген сөздердің алдынан «өз құзыреті шегінде» деген сөздермен толықтырылып, «экологиялық дәліздердің аумақтарын қозғайтын» деген сөздер алып тасталсын;

18) тармақша «ынтымақтастықты» деген сөзден кейін «және халықаралық шарттарды іске асыруды» деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Аумақтық бөлімшелер өз қызметін уәкілетті орган белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.»;

8 ) 9 - б а п т а :

2) тармақшадағы «негіздемелерді» деген сөз «негіздемелердің жобаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

3 ) т а р м а қ ш а д а :

«бекітеді» деген сөздің алдынан «әзірлейді және» деген сөздермен толықтырылсын; «тіркелуін» деген сөзден кейін «(қайта тіркелуін)» деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша «ерекше» деген сөздің алдынан «өздерінің қарауындағы» деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша алып тасталсын;

9 ) 1 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтарын

және заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.» ;

2 - тармақта :

9 ) тармақшада :

«бекітеді» деген сөз «әзірлейді және бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;  
«тіркеуге» деген сөзден кейін «(қайта тіркеуге)» деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақша «бақылауды» деген сөзден кейін «және қадағалауды» деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

«15) уәкілетті органмен келісім бойынша жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдарды таратады және олардың аумақтарын кішірейтеді;

16) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

10 ) 11 - бапта :

тақырып және 1-тармақ «бақылау» деген сөзден кейін «және қадағалау» деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

11) 12-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы «саласындағы мәселелер» деген сөздер «мәселелері» деген сөзбен ауыстырылсын;

12 ) 13 - бапта :

1-тармақтың 1) тармақшасы «жүйесін» деген сөздің алдынан «және экологиялық желілер» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ «айқындайтын» деген сөзден кейін «биоалуандылықты сақтауға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуға» деген сөздермен толықтырылсын;

13) 14-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды «республикалық маңызы бар» санатынан «жергілікті маңызы бар» санатына ауыстыруға жол берілмейді.»;

14) 17-баптың 2-тармағындағы «Мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдар» деген сөздер «Республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қаумалдар» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 18-баптың 1-тармағы «айналасында» деген сөзден кейін «және олардың шекараларында орналасқан жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жерлерінде» деген сөздермен толықтырылсын;

16) 19-баптың тақырыбы және 2-тармағы «рәміздері», «рәміздерін» деген сөздерден кейін тиісінше «(эмблемасы мен туы)», «(эмблемасы мен туын)» деген сөздермен толықтырылсын;

17) 20 - бапта :

1 - тармақта :

бірінші бөліктегі «оң қорытындысы болған жағдайда» деген сөздер «оң қорытындысын алған» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте «әзірлеуді» деген сөзден кейін «, сондай-ақ оларды түзетуді» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацындағы «(бұдан әрі - жаратылыстану-ғылыми негіздеме)» деген сөздер алып тасталсын;

3 - тармақта :

бірінші абзацтағы «(бұдан әрі – техникалық-экономикалық негіздеме)» деген сөздер алып тасталсын;

1) тармақшадағы «сатып алынатын» деген сөздер «мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша «аумақты» деген сөздің алдынан «ерекше қорғалатын табиғи» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы «, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық органдарымен» деген сөздер алып тасталсын;

18) 22-баптың 6-тармағындағы «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи кешендері» деген сөздер «Табиғи кешендер» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 23-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда ғылыми, мәдени-ағарту, оқу, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін.»;

20) 24 - бапта :

1-тармақтағы «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту бағдарламаларына және бекітілген» деген сөздер «Бекітілген» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігіндегі «, сондай-ақ олар жеке және заңды тұлғаларға уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін» деген сөздер алып тасталсын;

21) 25-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.»;

22) мынадай мазмұндағы 32-1-баппен толықтырылсын:

«32-1-бап. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы

1. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы Қазақстан Республикасының аумағында сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің жай-күйі, оларды зерттеу, қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі қажетті шаралар туралы мәліметтер жиынтығын қамтитын, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлар түрлері тізбелерінің суреттермен безендірілген басылымы болып табылады. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы сонымен бір мезгілде өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің мемлекеттік кадастрының құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына Қазақстан Республикасының аумағында құрлықта, суда, атмосферада және топырақта, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының континентальдық қайраңы мен айрықша экономикалық аймағында табиғи еркіндік жағдайында тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер (биік және аласа) мен жануарлардың (омыртқалылар және омыртқасыздар) түрлері (кіші түрлері, таралымдары) енгізіледі.

3. Саны және орнықты тіршілік ету жағдайлары табиғи еркіндік жағдайында олардың өсімін молайтуға және генетикалық қорын сақтауға қатер төнуді болдырмайтын шекке дейін қалпына келтірілген өсімдіктер мен жануарлар түрлері (кіші түрлері, таралымдары) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Қызыл кітабынан шығарылуға жатады.

4. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізуді бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қызыл кітапқа енгізілген сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлардың суреттермен безендірілген тізбелері ресми жарияланады, сондай-ақ уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

5 . М ы н а л а р :

1) арнайы жасалған жағдайларда көбейту;  
2) ғылыми зерттеулер;  
3) селекция үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген өсімдіктер түрлерін алып қою жүзеге асырылады .

6. Өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген санатына жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасына әкелу және одан тысқары жерлерге әкету уәкілетті орган берген рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

7. Өсімдіктер мен жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізу және одан шығару жөнінде ұсынымдар тұжырымдау үшін құрамы мен ережесін



уәкілетті орган бекітетін ведомствоаралық ботаникалық және зоологиялық комиссиялар құрылады.»;

2 3 ) 3 3 - б а п т а :

1-тармақтың 11) тармақшасы «нысанды киім» деген сөздердің алдынан «айырым белгілері бар» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ «нысанды киім» деген сөздердің алдынан «айырым белгілері бар» деген сөздермен толықтырылсын;

2 4 ) 3 5 - б а п т а :

1) тармақша «бағдарламаларын,» деген сөздерден кейін «табиғат қорғау мекемелерін басқару жоспарларын,» деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша «аймағының» деген сөзден кейін «жер бөлудің жерге орналастыру жобасын жасау және» деген сөздермен толықтырылсын;

2 5 ) 3 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақшаның бірінші абзацындағы «ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың» деген сөздер алып тасталсын, «табиғи кешендерін» деген сөздер «табиғи кешендерді» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 ) т а р м а қ ш а д а :

төртінші абзац «(шектеулі мал жаю, марал шаруашылығы, шөп шабу, саңырауқұлақтарды, жемістер мен жидектерді әуесқойлық жинау)» деген сөздермен толықтырылсын ;

бесінші абзацта «елді» деген сөздің алдынан «ормандарды молайту және» деген сөздермен толықтырылсын ;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«шектеулі шаруашылық қызмет тауарларын өткізуден, орман дақылдарын, қорғаныштық және көгалдандыру екепелерін отырғызудан түсетін табыстар;»;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«орман тұқымдарын жинаудан (қайта өңдеуден);»;

3) тармақшадағы «ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың рәміздерін» деген сөздер «рәміздерді (эмблема мен туды)» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы «қайырымалдықтары есебінен құралады.» деген сөздер «қайырымалдықтары;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын :

«6) гранттардан, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту қорларларының қаражатынан ;

7) осы Заңның 82-бабына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға және мемлекеттік табиғи-қорықтық қор объектілеріне залал келтірген жеке және заңды тұлғалардан түсетін түсімдер есебінен құралады.»;

2 6 ) 4 0 - б а п т а :

1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) орман қорғау іс-шараларын жүзеге асыру үшін қажет санитариялық мақсатта ағаш кесуді қоспағанда, өсімдік қабатының бұзылуына әкеп соғатын орман пайдаланудың барлық түрлеріне, оның ішінде тағамдық, дәрілік және техникалық өсімдіктер, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын, шөп шабуға, мал жаюға және өсімдіктер дүниесін пайдаланудың басқа да түрлеріне;»;

4-тармақтағы «Қорықтың аумағында» және «қорық аумағы» деген сөздер тиісінше «Мемлекеттік табиғи қорық аумағында» және «мемлекеттік табиғи қорық аумағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2 7 ) 4 1 - б а п т а :

1-тармақ «әзірлеу жолымен» деген сөздерден кейін «уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы «ғылыми зерттеулерден» деген сөздер «ғылыми қызметтен» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта «сирек және жоғалып бара жатқан түрлерін» деген сөздер «сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнгендерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 42-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы «қорықтардың» деген сөздің алдынан « мемлекеттік табиғи» деген сөздермен толықтырылсын;

29) 43-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда биологиялық негіздеменің негізінде арнайы бөлінген учаскелерде, осы қорықтың күзету аймағында тұратын жергілікті халықтың мұқтажы үшін әуесқойлық (спорттық) балық аулауға жол беріледі.»;

30) 45-баптың 4-тармағының екінші бөлігі «тамашалау алаңдарын» деген сөздерден кейін «, жағажайлар, қайық станцияларын, суда жүзетін көлік түрлері мен жағажай керек-жарағын жалға беру пункттерін» деген сөздермен толықтырылсын;

31) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«46-бап. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру

1. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті өздерінде туроператор қызметіне лицензия болған кезде тікелей мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелері 5 жылға дейінгі мерзімге қысқа мерзімді пайдалануға және 49 жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді пайдалануға беріледі. Аталған мақсаттар үшін осы учаскелерді беру, сондай-ақ оларды құрылыс объектілері үшін пайдалануға рұқсаттар беру мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген, мемлекеттік

ұлттық табиғи парктердің учаскелерін құрылыс объектілеріне пайдалануға рұқсат беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін учаскелер мемлекеттік ұлттық табиғи парктің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына сәйкес және қазіргі инфрақұрылымымен де, жаңа инфрақұрылым құру үшін де туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызмет аймақтарында ғана беріледі.»;

32) мынадай мазмұндағы 46-1-баппен толықтырылсын:

«46-1-бап. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктер учаскелеріндегі объектілер құрылысы

1. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктер учаскелеріндегі объектілер құрылысы уәкілетті органның рұқсаты негізінде және уәкілетті органмен келісілген сызбаға (сызбалық жобаға) сәйкес әзірленген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама бойынша жүргізіледі.

2. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктер учаскелерін құрылыс объектілеріне пайдалануға рұқсатты уәкілетті орган береді.

3. Жеке немесе заңды тұлғалардың өзіне туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген учаскені пайдалану шартының қолданылу мерзімі өткен соң шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға артықшылықты құқығы бар.

4. Туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген учаскені және ондағы құрылыс объектілерін пайдалану құқығының ауысу мәселелері туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру шартында айқындалады.

5. Уәкілетті органның жазбаша хабардар етуіне сәйкес құрылыс объектілері басқа тұлғаға берілген не шартта өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ұзақ мерзімді пайдалануға берілген жер учаскесін пайдалану құқығының ауысуына қарамастан, жеке және заңды тұлғаларға жүктелетін учаскені мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуы мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін жай-күйге келтіру міндеті сақталады.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіз тәсілмен учаскелердегі объектілерді бөлшектеп, сыртқа шығаруға міндетті.»;

3 3 ) 4 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

7) тармақшадағы «мен балық аулау» деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 8), 9), 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) әуесқойлық (спорттық) балық аулау;

9) мелиорациялық аулау;

10) ғылыми-зерттеу мақсатында аулау;

11) өсімін молайту мақсатында аулау.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Әуесқойлық (спорттық) балық аулау, мелиорациялық балық аулау, ғылыми-зерттеу мақсатында аулау, өсімін молайту мақсатында аулау заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан су объектілеріне берілген уәкілетті органның тиісті рұқсаттары бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда биологиялық негіздеменің негізінде жүзеге асырылады.»;

34) 52-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9), 10), 11), 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) әуесқойлық (спорттық) аңшылық;

10) әуесқойлық (спорттық) балық аулау;

11) мелиорациялық аулау;

12) ғылыми-зерттеулік аулау;

13) өсімін молайту мақсатында аулау.»;

35) 53-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) мемлекеттік табиғи резерваттарда жүзеге асыратын мұндай қызметті қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың бөрене кесетін құрылғыларды пайдалану жөніндегі қызметіне тыйым салынады.»;

36) 65-баптың 4-тармағында:

«табиғат ескерткіштері» деген сөздердің алдынан «республикалық маңызы бар» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік табиғи қорықтарды, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді, мемлекеттік табиғи резерваттарды құру немесе кеңейту кезінде жергілікті маңызы бар табиғат ескерткіштер жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тізбесінен шығарылады және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың аталған түрлерін құру мен кеңейтудің техникалық-экономикалық негіздемелері болған жағдайда, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тізбесіне енгізіледі.»;

37) 66-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумақтарында осы салада мамандандырылған ұйым әзірлеген жобаларға сәйкес оларды сақтау мен қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.»;

38) 67-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) гидрогеологиялық – жерасты суларының бірегей көздерін сақтау үшін.»;

39) 68-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Мемлекеттік табиғи қамалдардың шекаралары меншік иелері мен жер

пайдаланушылардың жер учаскелерінің шекаралары бойынша немесе табиғи географиялық шептер бойынша айқындалады және жергілікті жерлерде арнайы белгілермен белгіленеді.»;

4 0 ) 7 8 - б а п т а :

3 - тармақ алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, оның ішінде олардың дириваттарын алып қоюға:

1) арнайы жасалған жағдайларда өсіру және кейіннен мекендеу ортасына жіберу;

2) аң аулаудың ұлттық түрлерін дамыту;

3) ғылыми зерттеулер;

4) селекция үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айрықша жағдайларда жол беріледі.»;

4 1 ) 8 1 - б а п т а :

1-тармақ «Экологиялық дәліздер» деген сөздерден кейін «барлық санаттағы жер учаскелерінде оларды жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай,» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Экологиялық дәліздер режимінің ерекшеліктері ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспорттың айқындалады.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Экологиялық дәліз құру туралы шешімді жаратылыстану-ғылыми негіздеме негізінде уәкілетті органның ұсынысы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қабылдайды.

Экологиялық дәліздердің шекаралары табиғи географиялық шептер бойынша белгіленеді және жергілікті жерлерде арнайы белгілермен белгіленеді.

Экологиялық дәліздерді қорғау мен басқаруды табиғат қорғау мекемелері жүзеге асырады. Экологиялық дәліздер уәкілетті органның шешімдерімен табиғат қорғау мекемелеріне бекітіп берілетін болады.».

11. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 15, 120-құжат):

1) 12-баптың 3-тармағының 8) тармақшасындағы «оны пайдалану» деген сөздер «пайдалану» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) аталған Заңға қосымша да:

1-тармақтың 22) тармақшасындағы «оларды пайдалану» деген сөздер «, пайдалану» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта 13) тармақшадағы «қызметіне жүзеге асырылады.» деген сөздер «

қызметіне;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14), 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

«14) жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану саласында;  
15) орман қорын сақтау, қорғау, пайдалану, ормандарды молайту және орман өсіру саласында;

16) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында жүзеге асырылады.».

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**2-бап.** Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 60) тармақшасын, 64) тармақшасының екінші, үшінші және төртінші абзацтарын; 7-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацын, 2), 3) және 4) тармақшаларын; 9-тармағы 4) тармақшасының алтыншы абзацын, 5) тармақшасының жиырмамыншы және жиырма бірінші абзацтарын, 6) тармақшасының үшінші, отыз алтыншы және отыз жетінші абзацтарын, 14) тармақшасының төртінші абзацын, 22) тармақшасының екінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 4-тармағы 9) тармақшасының оныншы абзацы орман шаруашылығын жобалау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар бөлігінде өз қолданысын 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап тоқтатады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н. НАЗАРБАЕВ*